


ЕЛ МЕРЕЙІ – ЕЛОРДА!

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Елбасы – еліміздің негізін қалаушы, елдігіміздің символы, тәуелсіз Қазақстанның төл тарихының бастауында тұрған тұғырлы тұлға!.. Тәуелсіздіктің бастауындағы ұйқысыз түндер мен тынымсыз күндердегі атқарылған істерді кейінгі буын келешекте әлі талай рет зерделейді, әділ бағасын береді.
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#QAZAQSTAN30



ТӘУЕЛСІЗДІКТІң
МЕН ҮШІН
МАҢЫЗЫ...

3

ӘЛЕМ ҚАЛАЛАРЫ



КЕМЕЛ ҚАЛА
ӘЛЕМІ

7

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 2 шілдедегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
477 677

II компонентпен
307 661

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

59

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

АРНАУЛЫ НӨМІР

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №80 (6056) 3 шілде, сенбі, 2021 жыл.

6 ШІЛДЕ – ЕЛОРДА КҮНІ!

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЫ



Елорда және Елбасы. Еліміз тәуелсіздік алғалы бергі осы отыз жыл ішінде бұл тұжырым әрдайым қатар аталатын егіз ұғымға айналған.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы идеясымен іргесі қаланған Ұлы Даланың Елордасы қысқа мерзім ішінде

жалпыұлттық идея мәртебесіне ие болып, жас мемлекеттің тәуелсіздігінің символына айналды.

Жаңа астана – Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі, Қазақ Елінің қасиетті құндылығы.

(Жалғасы 2-бетте).

ІНДЕТПЕН КҮРЕС

ТӨРТІНШІ ТОЛҚЫН ҚАУІПТІ Коронавирус жұқтырғандар саны екі есе өсті



Алматыда вирус жұқтырғандардың саны күрт көбейіп кетті. Қалада «Дельта» штамының үлес салмағы 78%-ға жетті. Қаладағы эпидемиалға арналған Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында қаланың мемлекеттік бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин мән-жайды баяндады.

(Жалғасы 3-бетте).

ҚЫСҚА-НҰСҚА

- ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Үлкен Алматы айналма жолын 2022 жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырды.
- Мегаполисте коронавирус жұқтырғандар саны екі есе өсті.
- Қалада «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша 99 сертификат мақұлданды.
- Кеше шаһарда тұрғын үй сертификатын алуға өтінім қабылдау басталды.
- Мегаполисте биыл 4 өнеркәсіптік парк іске қосылады.
- 2025 жылға дейін Алматыда білім, денсаулық саласында 400-ден астам жоба іске асырылады.



6 ШІЛДЕ – ЕЛОРДА КҮНІ

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:ЕЛБАСЫНЫҢ
ТАРИХИ ЕРЛІГІ

Жаңа Елордамыздың бой көтеруіне Тұңғыш Президентіміздің сіңірген еңбегі ерекше.

Астананың құрылысы Елбасының тарихи ерлігі саналады.

Бас қаламыз Тәуелсіз еліміздің шынайы бет-бейнесіне, халқымыздың мақтанышына айналды.

Елорда жаңа мемлекеттің идеологиясы ретінде киелі ұғымға ие болды.

Астанамыз, шын мәнінде, өткеннің құндылықтарын дәріптей отырып, күллі әлемге Қазақстанның жаңа бейнесін паш етті.

Елордамыз саммиттер және басқа да маңызды халықаралық кездесулер өтетін ірі орталық ретінде қалыптасты.

Баршамызға ортақ мақсат – Елбасының басты саяси және тарихи мұрасы – мемлекетіміздің Тәуелсіздігін сақтау және нығайту.

Бүгінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әлем тарихына аса көрнекті реформатор ретінде енді. Ол Қазақстанды дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылған заманауи әрі озық мемлекетке айналдыра білді. Оның экономикалық және саяси реформалары мемлекеттік сындарлы саясаттың символы болды.

(2019 жылы Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзінен).

Алматы қаласының әкімі
Бақытжан САҒЫНТАЕВ:НҰР-СҰЛТАН ШАҒАРЫНЫҢ
АБЫРОЙЫ АСҚАҚТАП ТҰР

Елбасы жолы – жасампаздық жолы. Елбасы жолы рухқа, күреске толы өнеге жолы. Өмір мектебі. Біз сол мектептің түлектеріміз. Сол мектептен тағылым түйдік, сабақ алдық...

Осынау зымыран жылдар ішінде Елбасының дана басшылығымен Алаш баласының асқақ армандары рет-ретімен жүзеге асып келеді. Абылай бабамыз армандаған қала салу ісін кемел биігіне жеткізді. Сонау бір сұрапыл күндерде тәуекелге барып, Сарыарқаның төсінен, жапан дүз бен кең даланы жаңғыртып, тәуелсіз елдің астанасын

салды. Бұл шаһардың ғимараттары көк тіреді. Дабысы, атақ-данқы жер жарды. Бұл ел болашағын болжаған, көреген геосаясаттың көрінісі болғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Бүгінде Нұр-Сұлтан шаһарының әлем алдындағы абыройы асқақтап тұр. Ол әлемдегі ең заманауи, урбанизацияланған қалалардың бірі саналады.

(«Almaty akshamy» газетінің 2020 жылғы №77-78 санында жарияланған «Ұлт ұстыны» атты мақаласынан).

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ
ТҰҒЫРЫ

(Басы 1-бетте)

2019 жылғы 23 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президенттік қызметке кірісуіне орай Парламент палаталарының бірлескен отырысында егемен елімізді қалыптастырудағы және өркендетудегі, сондай-ақ мемлекетіміздің жаңа астанасын тұрғызудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген зор еңбегін жоғары бағалады. «Бүгінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әлем тарихына аса көрнекті реформатор ретінде енді. Ол Қазақстанды дүние жүзіндегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылған заманауи әрі озық мемлекетке айналдыра білді. Оның экономикалық және саяси реформалары мемлекеттік сындарлы саясаттың символы болды», – дей келе, Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа астананың бой көтеруіне Тұңғыш Президенттің сіңірген еңбегін ерекше атап өтті. Арқа төсіндегі Бас қаланың құрылысы Елбасының тарихи ерлігі саналатынын, Елорда тәуелсіз еліміздің шынайы бет-бейнесіне, халқымыздың мақтанышына айналғанын, ол жаңа мемлекеттің идеологиясы ретінде киелі ұғымға ие болғанын, күллі әлемге Қазақстанның жаңа бейнесін паш еткенін тілге тиек етті. Ел астанасы оны құру идеясының авторының есімімен – Нұр-Сұлтан қаласы деп аталуы тиіс деп тұжырымдалды. Еліміздің парламентарийлерінің сонау 2016 жылғы 23 қарашада, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай қабылданған Декларацияда ұсынған идеясы осылайша қайта жаңғырып, жалпыхалықтық үрдіске ұласып, қолдау тапты. Нұрсұлтан Назарбаевтың даңқты қызметі мен тарихи еңбегі әділ бағаланып, оған лайықты құрмет көрсетілді.

Нұр-Сұлтан қаласының бүгінгі құдіретті де ажарлы келбеті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай,

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тікелей байланысты.

Ұлттық рухты оятып, мемлекеттілігімізді жаңғырту миссиясы 1991 жылдың 1 желтоқсанында бірінші бүкілхалықтық сайлауда сайланған Қазақстанның Тұңғыш Президенті, қазіргі жаһандық саясат сардарларының бірі – Нұрсұлтан Назарбаевтың еншісіне тиді. Тәуелсіздік таңы атқан кезде халқымыз жаңа Қазақстанның негізін қалап, қалыптастыруды дәл осы перзентіне сеніп тапсырды. Уақыт осынау маңызды таңдаудың дұрыстығын дәлелдеді. Тұңғыш Президенттің жеке үлесі және халықтың қуатты қолдауының арқасында әлемге «Қазақстандық даму моделі» кеңінен таралды.

Елбасы жаңа елордалық қаланың даму философиясын өте анық және бейнелі түрде айқындап берді: «Еуразияның қақ ортасында салынған жаңа астананың модернизациялық миссиясы мол. Мұнда жаңа кеңістік, жаңа координаттар жүйесі, жаңа уақыт пайда болды. Бұл жалпы жаңару мен жаңа тәртіптің пайда болуына серпін береді», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор, тарих ғылымының докторы, «Алматы ақшамының» тұрақты авторы әрі жанашыры Берекет Кәрібаев жазғандай, «Қазіргі заман тарихының тәуелсіздік кезеңі деп аталатын 30 жыл уақыт ішіндегі Қазақ Елінің қол жеткізген жетістігінің басым бөлігі қазіргі елордамыз, географиялық жағынан алғанда Қазақ Елінің орталық бөлігінде орналасқан – Нұр-Сұлтан қаласының атауымен тікелей байланысты».

«Ақшамдықтар» барша қазақстандықтарды астанамыздың алда келе жатқан төл мерекесімен құттықтай отырып, басылымның бүгінгі нөмірінде Нұр-Сұлтан қаласының даму жолы, бүгінгі сыр-сипаты туралы, астанамызға қатысты тарихи-жылнамалық оқиғалар мен деректер жайлы арнайы әзірленген топтаманы назарларыңызға ұсынып отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАУ –
МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Мемлекет басшысы XXXII жазғы Олимпиада ойындары қарсаңында Қазақстанның ұлттық құрама командасының мүшелерімен кездесті

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Президент Олимпиадаға баратын спортшылардың алдында сөйлеген сөзінде әлемнің басты спорт бәсекесінде ел намысын қорғау – мәртебелі міндет, үлкен абырой, зор жауапкершілік екенін айтты.

Қазақстан құрама командасының негізгі бөлігі кездесуге Алматы облысындағы «Ақбұлақ» олимпиадалық орталығынан телекөпір арқылы қатысты. Онда спортшылар Токиоға аттанар алдындағы соңғы жаттығу жиындарын өткізіп жатыр.

Мемлекет басшысы тәуелсіздік жылдарында Қазақстаннан Олимпиаданың 16 жеңімпазы, 71 жүлдегері шыққанын, жүзден астам ірі спорт кешені, оның ішінде 16 халықаралық деңгейдегі нысан бой көтергенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев аса күрделі кезеңде Токиода жағылатын Олимпиада алауы бүкіл адамзат үшін жаһандық індетпен күрестің символы болатынын айтты. Президент әлемнің түгелге жуық елінде ұзаққа созылған локдаунның қалыпты тыныс-тіршілікке ауыр соққы жасағанына тоқталды.

– Сіздер халықаралық деңгейдегі өздеріңіздің көшбасшылық орындарыңызды нығайту үшін нағыз чемпионға тән мінез көрсетіп, Олимпиада лицензиясын иелендіңіздер. Осындай қиын-қыстау жағдайда сіздер спорттың өзін-өзі шектейтін қатаң режимін сақтап, өзгелерге үлгі көрсеттіңіздер, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазақстандықтардың Олимпиада ойындары барысында біздің спортшыларға көрсететін күшті қолдауы оларға қосымша рух беретініне сенім білдірді.

– Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығында Олимпиада тұғырына көтерілу сіздердің ғана жетістіктеріңіз емес, бүкіл ұлтымыздың абыройы. Олимпиада шыңы мыңдаған жасты спортпен шұғылдануға, салауатты өмір салтын ұстануға және көздеген мақсаттарына жетуге шабыттандырады, – деп

тұжырымдаған Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға басымдық берілетінін атап өтті.

– Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз ұлтымыздың денсаулығын жақсартамыз және бүкіл еліміз мақтан тұтатын Олимпиада жеңімпаздарының – спорт жұлдыздарының жаңа буынын тәрбиелеп шығарамыз. Мұндай саясат спорт секциялары мен аулалық клубтардың дамуына тың серпін береді. Сондай-ақ, балалар жаттықтырушыларын ынталандыруға ықпал етіп, дарынды атлеттердің жаңа шоғырын айқындауға септігін тигізеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев спортшыларымыздың Токиода рекордтық нәтижелер көрсететініне, еліміздің әлемдегі жетекші спорт державаларының арасындағы беделін нығайтатынына сенім білдірді. Президенттің айтуынша, атлеттердің әрбір жеңісінің артында көбінесе назардан, камералардан тыс қалатын олардың жаттықтырушыларының қажырлы еңбегі тұр.

Рәсім барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын алғаш рет екі бірдей тұстаушыға – жеңіл атлетикадан Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова мен бокстан әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаевқа табыстады.

Мемлекет басшысына ізгі тілек білдіргені үшін Ольга Рыпакова ұлттық құраманың атынан алғыс айтты. Қамшыбек Қоңқабаев Президентке отандастарымыздың сенімін ақтау үшін құрама команда барын салатынын жеткізді:

– Сіздің қолыңыздан еліміздің Туын алу – үлкен абырой, зор жауапкершілік. Олимпиадаға қатысушы спортшылар қастерлі санайтын осы Тудың Токио төрінде жиі көтеріліп, Әнұранымыздың шырқалуы үшін барымызды саламыз, – деді бокстан Қазақстан құрама командасының капитаны.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ: ДАМУ БАҒДАРЛАРЫ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин Алматы агломерациясын дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді

Кеңесте Премьер-Министрдің орынбасары Роман Скляр, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов баяндама жасады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 17 наурызда Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңесте берген тапсырмаларының орындалу барысы қаралды.

Алматы агломерациясын дамыту жөніндегі өңіраралық іс-шаралар жоспары 2030 жылға дейін 108 іс-шараны орындауды көздейді. Жоспарлау кезінде пайдаланылған болжамдарға сәйкес, Алматы қаласының тұрғындарын қоса алғанда, Алматы агломерациясының халқы 2030 жылға қарай 1,6 млн. адамға ұлғаяды және 4,7 млн. адамнан асады, олар 860 мың гектардан астам аумаққа қоныстанады. 2020 жылдан бастап жоспардың 60 тармағы бойынша жобаларды іске асыру басталған еді, олардың 13-і аяқталды.

Премьер-Министр биылғы 20 тамызға дейін «Үлкен Алматының» төрт пилоттық жобасын іске асыру: экологиялық проблемаларды шешу (Green Almaty), бірыңғай көлік моделін және даму стратегиясын әзірлеу, ШОБ цифрлық картасын қалыптастыру, мониторинг пен ТЖ алдын алудың кешенді жүйесін әзірлеу мәселелерін пысықтауды тапсырды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне биылғы 1 қарашаға дейін Алматы қаласында цифрлық технологияларды (АТ-құмсалғыштар) дамыту жөнінде шаралар қабылдау, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне биылғы 20 қазанға дейін агломерацияның бірыңғай көлік моделін әзірлеу тапсырылды.

Алматы қаласына жұмыс сапары аясында Үкімет басшысына Алматы қаласы халықаралық әуежайының жаңа терминалын салу жобасы ұсынылды, ол жылдық жолаушылар айналымын 6 млн. адамға ұлғайтуға мүмкіндік береді. Іске асыру мерзімі – 2021–2023 жылдар.

Асқар Мамин «Аюсай» сел ұстайтын бөгетінің, сондай-ақ Алматы қаласының



көлік және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының құрылыс алаңдарын да аралады.

«Алтын Орда» жолайрығын реконструкциялау 2021 жылғы қазанда аяқталуы тиіс

Асқар Мамин жұмыс сапары аясында «Алтын Орда» базары маңындағы жолайрығы – «Алматы–Бішкек» автомобиль жолының 16–19 шақырым учаскесін қайта жөндеу барысымен танысты.

Жоба инженерлік коммуникацияларды қайта орната отырып, учаскені 4 жолақтан 10 жолаққа дейін кеңейтуді, негізгі магистральдық эстакаданы, «таға» түріндегі бұрылу эстакадасын, Ақсай өзені арқылы өтетін көпірді, сондай-ақ жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдерін салуды көздейді.

Үкімет басшысы барлық сапа стандарттарын қамтамасыз ете отырып, жұмыс қарқынын арттыруды және оларды биыл қазан айында аяқтауды тапсырды. «Жолайрығын осы жылғы қараша айында пайдалануға беру қажет. Жоба Алматы қаласы мен Алматы облысы арасындағы көлік қатынасын жақсартады», – деді А.Мамин.

«Сарыарқа» және «Достық» станцияларының құрылысы биыл пайдалануға беріледі

Асқар Мамин қалалық метрополитеннің даму барысын да тексерді. Қазіргі таңда метрополитеннің бірінші желісінің жұмыс істеп тұрған 9 метро станциясына қосымша «Сарыарқа», «Достық» және «Қалқаман» станциялары салынып жатыр. Бұл желінің жалпы ұзындығын 10,3 шақырымнан 15,9 шақырымға дейін, ал жолаушылар ағынын тәулігіне 46 мыңнан 93 мың адамға дейін арттырады.

Осы жылдың соңына дейін «Сарыарқа» және «Достық» станцияларында құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтап, техникалық іске қосу жоспарланған. 2022 жылдың I тоқсанының соңына дейін іске қосыреттеу жұмыстарын аяқтау және станцияларды пайдалануға беру көзделген. «Қалқаман» станциясында құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Үкімет басшысы Алматы метрополитенінің бірінші желісінің II кезегін дамыту бойынша жоспарланған барлық жұмыстардың уақытылы және сапалы аяқталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

QAZAQSTAN30



«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Төрехан ЖҰМАҒҰЛ,
«Forest Interactive» ЖШС директоры:

– Тәуелсіздік ұғымын – еркіндік, бостандық, абырой, ешкімге бағынбау, бірақ жасалған қателіктер үшін жауап бере алу деп түсінемін. Мемлекеттік деңгейде ішкі және сыртқы істерде саяси-экономикалық тұрғыдан ешкімге жалтақтамай шешім қабылдап, әрекеттеріне жауапкершілік таныта алу. Ал ол дегеніміз – нағыз абырой, таза тәуелсіз мемлекеттің көрінісі. Ал тәуелсіз адам ше? Тәуелсіз адам – ең әуелі санасында еркіндігі бар, жеке пікірімен ерекше, мықты, рухты тұлға. Алайда, тәуелсіз адам қоғамға, қоршаған ортаға зиянын тигізбейтін, өзгенің тәуелсіздігіне нұқсан келтірмейтін тіршілік иесі деп білемін. Сондықтан да тәуелсіздік – бостандық, абырой, сонымен қатар үлкен жауапкершілік деген қорытындыға келсек болады.



Тимур МЕРГЕНБАЙ,
klass.kz платформасының мұғалімі:

– Тәуелсіздік – киелі, қасиетті ұғым. Бұл дегенің – жақсы өмір сүруге алған құқығың. Жұмыр жерде өлшеулі өмірді бейбіт елде өткізгенге жететін бақыт бар ма екен?! «Қазак» сөзінің түп мағынасы да осы тәуелсіз, еркін деген мағынаны береді. Тәуелсіз елдің азаматы болу – тәуелсіз адам болу дегенге саяды. Демек, көкейге болашағын мен келешегіңе деген сенім ұялап, алға қойған мақсаттарыңа еш кедергісіз жету. Бұл ел тағдырының да білім мен кәсіп, спорт, т.б. салаларда табанын нық басып, әлемдік деңгейде терезе теңестіріп, тәуелсіз ел болуға бағыттады. Адам құқығы толық қорғалған елде өмір сүру болып табылады. Мен еліміздің ең үздік жоғары оқу орнында грантта оқимын және ай сайын шәкіртақы алумен келемін. Бұл, әрине, тәуелсіз елдің ең үлкен сыйлығының бірі. Сонымен қатар, ел қатарлы күн кешіп, барлық мүмкіндіктері қамтылған, даму барысында келе жатқан елде өз мүмкіншіліктеріңді көрсетіп, асқақ шыңдардан көрінуге және осындай елдің болашағын көркейтіп, елге қызмет қылуға тырысамын.



Сәуле ЖҰМАБЕКОВА,
эстрада әншісі:

– Мен үшін Тәуелсіздік – ұлттық өнеріміздің жарқырап шартарапқа танылуы. Қазіргі таңда әртүрлі ұлттардың дәстүрі, ұлттық киім, өнері жетерлік. Бірақ егемендік алғандары санаулы. Дамыған алпауыт елдердің қатарында иық тіресіп, жас болсақ та, өркендеп келе жатқан біздің еліміз өнер мен спорт айдынында асқар шыңдарды бағындырып келе жатқан жайы бар. Шығармашылық адамдары болып шет елдерге шыққанымызда, ұлттық әнімізді, күмбірлеген күйімізді шерте жөнелгенде, талайдың тамсанып таңдай қағатындықтары жанымызды жадыратып, бір маркайып тастайды. Сондай кезде «өзге елде сұлттан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген сөздің мағынасын түсінеміз. Туып-өскен, кіндік қаны тамған жерде еліміз бен жерімізді жаудан қорғаған ата-бабаларымыздың рухына тағзым етіп, Тәуелсіз ел болғанымызға қатты қуанамын.



ИНДЕТПЕН КҮРЕС

ТӨРТІНШІ ТОЛҚЫН ҚАУІПТІ

Коронавирус жұқтырғандар саны екі есе өсті



Айнұр
НҮРСАБЕТ

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Соңғы екі аптада мегаполисте КВИ дерті 1143-тен 2377 жағдайға дейін өскен. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы қала тұрғындарынан жағдайдың ушығуын болдырмау үшін белгіленген шектеулерді сақтауды сұрады. Ал эпидемиологтер вакцина салдыруды ұсынады.

«Алматыда 17 маусымнан бастап эпидемиологиялық жағдай барынша контактозды мутацияланған жаңа «дельта» штамының таралуына байланысты күрделене түсті. Өткен аптада ПТР нәтижелері алдыңғы 7 күндегі 130-ға қарағанда тәулігіне 215-ке дейін өсті», – деді қаланың бас санитар-дәрігері. Ол жыл басынан бері 56 мыңнан астам вирус жұқтырғанын, оның ішінде маусым айында 4573 жағдайдың тіркелгенін айтты. 2021 жылдың бірінші жартыжылдығында дерт өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 10 есеге артқан.

Жандарбек Бекшин 18 маусымнан бастап мутацияланған штамдарға зерттеулер жүргізіліп жатқаны жайлы да айтты. «Алматы қаласында мутацияланған штамдардың бар-жоғын анықтау үшін зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде коронавирус науқастарынан ПТР+ бар 131 үлгінің ішінде мынадай штамдар анықталды: 77-де (59%) альфа (Британдық), 46-да (35%) дельта (Үнді), оның 45-інде соңғы 3 күнде, 2-де (1,5%) гамма (Оңтүстік Африка) және 1-де (0,8%) бетта (Нью-Йорк). Бұған дейін эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуі альфа штамымен байланысты болса, қазіргі уақытта COVID-19-дың өсуі Нұр-Сұлтан қаласы мен Ресейден әкелінген дельта штамынан туындап отыр», – деді спикер. Жыл басынан бері мегаполисте 56 138 адам коронавирус жұқтырды.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

«МЕН ЕКІПЕ АЛДЫМ!»



Дариға МӘУЛЕТҚЫЗЫ,
Қазак ұлттық Қыздар педагогикалық
университетінің 2-курс студенті:

– COVID-19 коронавирустық инфекциясынан ерікті түрде вакциналау науқаны басталған уақытта менде біршама үрей пайда болды. Себебі, вакцинация әр адамның иммунитетіне әртүрлі әсер етеді. Алайда, вакцина алу басталғаннан кейін мен де қатарымнан қалмай, бірінші болып тіркеліп, екпе алдым. Бәрі жақсы өтті. Менде ешқандай жағымсыз реакциялар болған жоқ. Бірақ мен кез келген вакциналауға реакция болуы керек екенін атап өткім келеді. Ол иммунитетке, дененің сипаттамаларына байланысты әр адамға әртүрлі әсер етеді. Мен барша жасөспірімдерді қорықпауға және вакцина алуға шақырамын. Біз тек осылайша жаппай иммунитет қалыптастырып, пандемияны тоқтата аламыз және бұрынғы қалыпты өмірімізге орала алатынымызға сенімдімін.



Аян ТҮРСЫНБАЙ,
жеке кәсіпкер:

Отбасымызда әкелі-балалы екеуіміз өз еркімізбен «Спутник V» вакцинасының екі бірдей дозасын ектірдік. Себебі, біз өзіміз жақсы көретін, қадірлейтін жандарды қорғағымыз келді. Әлемдік мәселеге айналған осынау дерт барлық адамзат баласына жылы шырай таныта қоймады. Өздеріңіз білетіндей, қоғамдық тамақтану орындары, ойын-сауық орталықтары, біркатар жұмыс орындары жабылып, барлығымыз дерлік материалдық, моральдық тұрғыдан шектеулерге ұшырадық. Сондықтан да бұрынғы жағдайға қайта оралғымыз келмесе, Денсаулық сақтау министрлігінің айтқан нұсқаулықтарын елестеруіміз қажет. Сол кезде ғана ел болып, жұрт болып аурудың алдын алатынымыз сөзсіз. Расымен-ақ, алғаш екпе алған сәтте қызуымыз көтеріліп, кішігірім «байбалам» салдық. Кейінірек, бұл қалыпты жағдай екендігін түсіндік. Себебі, екпенің 3-күні денсаулығымыз жақсарып, барлығы өз ретіне келді.

Әзірлеген А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

Әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

КЕРЕК–ДЕРЕК

- **1994 жылы 6 шілдеде** Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінде Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешім қабылданды.
- Қазақстан Республикасының он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңесі Президент Н.Назарбаевтың астананы Алматыдан Ақмола қаласына көшіру туралы ұсынысын мақұлдады.
- **15 қыркүйекте** «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Заң күші бар Жарлық қабылданды.
- **1997 жылдың 20 қазанында** елдің жаңа астанасы Ақмола қаласы деп ресми түрде жарияланды.
- **8 қарашада** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері мен Президент байрағын Алматыдан Ақмола қаласына шығарып салудың салтанатты рәсімі өтті.
- **1997 жылғы 10 желтоқсанда** астананы ресми көшіру жүзеге асты.
- **1998 жылғы мамырдың 6-сы күні** Ақмола қаласының атын Астана қаласы деп өзгерту туралы Президент Жарлығы шықты.
- **1998 жыл, 10 маусым** – тәуелсіз Қазақстанның жаңа әкімшілік-саяси орталығы – Астана қаласының халықаралық тұсаукесері өткен күн.
- **1999 жылы** ЮНЕСКО шешімі бойынша Қазақстан астанасы «Бейбітшілік қаласы» атағына ие болды.
- **2000 жылдан бері** Қазақстанның Елордасы астаналар мен ірі қалалардың Халықаралық Ассамблеясының мүшесі болып табылады.
- **2003 жылғы 23-24 қыркүйекте** жаңа астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Бірінші съезі өтті. Оның жұмысына исламның, христиандықтың, буддизмнің, иудаизм мен индуизмнің ықпалды өкілдері қатысты.
- Қазақстанда 140-қа жуық этникалық және 40 конфессиялық топ өкілдері татулық пен түсіністікте өмір сүріп жатыр. Әлемдік және дәстүрлі діндер форумын өткізу идеясын ұсынған – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.
- **2010 жылғы 1-2 желтоқсанда** астанада Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына (ЕҚЫҰ) қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшыларының Саммиті өткізілді. Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ) – саяси диалогтар жүргізуге арналған халықаралық ұйым.
- Бұл ұйым қырғикабақ соғыс өршіп тұрған 70-жылдары Батыс-Шығыс форумы ретінде құрылған. Мақсаты – аймақтық тыныштық пен қауіпсіздікті сақтау. Ұйымға Орталық Азия, Еуропа, Кавказ, Солтүстік Америкадан 56 мемлекет мүше. Қазақстан бұл Ұйымға мүшелікке 1992 жылы 30 қаңтарда өтті.
- **2010 жылы** еліміз ТМД елдерінің арасында алғашқы болып ЕҚЫҰ төрағалық ету құқығына ие болды.
- **2011 жылдың 30 қаңтар – 7 ақпан аралығында** Астана мен Алматы қалаларында *VII Қысқы Азия Ойындары өтті. VII Қысқы Азияда ойындарына әлемнің 27 мемлекетінен мыңнан астам спортшы қатысты. Қазақстан осы ойындарда алтын медаль саны бойынша рекордтық көрсеткіштерге жетті, құрамымыз 32 алтын медаль иеленді және жалпыкомандалық есепте бірінші орын алды.*



Берекет КӘРІБАЕВ,

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор, тарих ғылымының докторы

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЕЛОРДАСЫ

Кем дегенде үш мың жылдық тарихы бар қазақ мемлекеттігі тарихында елорда міндетін Қазақстанның әр аймағында орналасқан жиырмаға жуық қалалар атқарғаны белгілі.

Тек ғана ХХ ғасырдың өзінде Орынбор, Қызылорда, Алматы қалаларының елорда болғаны баршаға аян. Кеңестік Қазақстанның дамуында бұл аталған үш елорда өз міндеттерін атқара алды, ел дамуында өз қолтаңбасы мен ізін тарихи тұрғыда қалдыра алды.

Қазіргі заман тарихының тәуелсіздік кезеңі деп аталатын 30-жылдай уақыты ішіндегі Қазақ Елінің қол жеткізген жетістігінің басым бөлігі қазіргі елордамыз, географиялық жағынан алғанда Қазақ Елінің орталық бөлігінде орналасқан – Нұр-Сұлтан қаласының атауымен тікелей байланысты.

6 шілде – Нұр-Сұлтан қаласының ресми төл мерекесі болғандықтан, еліміздің бас шаһарының тарихи маңызына үңіліп, тарих маманы ретінде газет оқырмандарын қала атауының әр кезеңдердегі өзгеруінің қысқаша болса да жылнамасымен таныстыра кетейін.

- **1830 жылы** Есіл өзені жағасында орыс әскерлерінің бекінісі ретінде негізі қаланған Ақмола бекінісі **1862 жылы** осы аттас қала мәртебесіне ие болады.
- **100 жылдан кейін** облыс орталығы – Целиноград қаласы деп аталынса, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары, яғни **1992 жылы 6 шілде күні** облыс орталығы өзінің тарихи атауы – Ақмола атауын қайта иемденеді.
- **1994 жылдың 6 шілдесінде** Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы тарихи қаулы қабылдады.
- **1995 жылы 15 қыркүйекте** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан Республи-

касының астанасы туралы» Заң күші бар Жарлығы жарияланды. Осы уақыттан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі тұратын жер – Ақмола және Алматы қалалары болып белгіленді.

- **1997 жылы 20 қазанда** Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның жаңа астанасы Ақмола қаласы болғанын ресми түрде жариялап, осы жылдың 8 қарашасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері мен Президент байрағын Алматыдан Ақмола қаласына шығарып салудың салтанатты рәсімін өткізді. Ал 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ақмолаға ресми түрде аттанды.
- **1998 жылы 6 мамыр күні** Президент Жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді. Елорданың тұсаукесер рәсіміне қысқа мерзімді бағдарлама әзірленіп, оны жүзеге асыруға 217 отандық және шетелдік компаниялар қатысты.
- **1998 жылдың 10 маусымында** бүкіл қазақстандықтар үшін көптен күткен ерекше күн болды. Осы күні тәуелсіз Қазақ Елінің жаңа әкімшілік-саяси орталығы – Астана қаласының халықаралық тұсаукесері болып өтті.

Осылайша мыңжылдықтар шегінде Қазақ Елі тәуелсіздік алғаннан кейін өз таңдауын жасап, өз елордасын елдің орталығынан таңдап алды. Қазақ Елі бүкіл әлемге өзінің жаңа елордасын таныстырып, Астана атауымен үшінші мыңжылдыққа батыл қадам жасады.

Елорда мәртебесіне ие болған бас шаһарымыз осы уақыттан бастап туған күнін атап өтуді игі дәстүрге айналдырды. Жеті жыл қатарынан мереке 10 маусым күні тойланып келді. Уақыт озған сайын бұл күннің маңыздылығы артып, ол тек елордалықтар ғана емес, бүкіл қазақстандықтардың асыға күтетін мерекесіне айнал-

ды. Сол себепті де, 2006 жылы астаналық әкімдіктің қаулысына сәйкес және қалалық мәслихаттың шешімімен мерекеге – Астана күні атауы берілді. Ал оны атап өту алғашқы шешім қабылданған күн – 6 шілдеге бекітілді.

2008 жылы «Қазақстан Республикасының мерекелер туралы Заңына» енгізілген өзгерістерге сәйкес, **6 шілде – Елорда күні мемлекеттік мерекелер тізіміне** енді.

Міне, осы кезден бастап Елордамыздың қарыштап дамуы Қазақ Елінің дамуымен және әлемдік беделінің артуымен қатар жүрді деуге болады. Азғантай ғана уақыт ішінде Елордада қаншама халықаралық сипаттағы саяси басқосулар, экономикалық форумдар, мәдени, спорттық, рухани бағыттағы шаралар өткізіліп, ол – дамудың, жаңғырудың, жетілудің, әдеміліктің, кереметтер мен ғажайыптардың синониміне айналды. Бір ғана елорда тұрғындарының өсуін көрсететін статистикалық сандар бас қаламыздың қарышты дамуына дәлел бола алады. 1998 жылы қала тұрғындарының саны – 275 300 болса, бес жылдан соң, 2003 жылы – 501 998 адам, тағы бес жылдан соң, 2008 жылы – 602 684 адамға өседі. Ал 2013 жылы тұрғындар саны – 778 083 адам болса, 2017 жылы – қаладағы халық саны миллионнан асты.

Елордамызға Нұр-Сұлтан атауы – 2019 жылдың 20 наурызында Қазақ Елінің екінші Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен берілді.

Әр мемлекеттің елордасы сол елдің әрі жүрегі және дамуының айнасы деп санасақ, онда Нұр-Сұлтан қаласы – Қазақ Елінің жарқын келешегі үшін, баянды болашағы үшін небір белестер мен кезеңдерді бағындырар жарлықтарды, қаулыларды, заңдарды қабылдайтын, бүкіл елдің бой түзейтін, бүкіл аумаққа үлгі болып, төрткүл әлемге бейбіт саясатымен ой түзетер қаласы бола берсін деген тілек білдіреміз.



Сабырхан СМАҒҰЛОВ, тарихшы

ЖАҒАНДЫҚ БАСТАМАЛАР ОРТАЛЫҒЫ

Тәуелсіздік жылдары астанамыз Нұр-Сұлтанда қаншама халықаралық ауқымды іс-шаралар, кездесулер, саммиттер, форумдар мен жиындар өтті! Әрине, олардың барлығын бір мақаланың ауқымына сыйғызу мүмкін емес, сондықтан ең іргелі, ең маңызды деген тарихи оқиғаларға тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз.

Қазақстанның халықаралық мәртебесін көтерген форум

2003 жылы 23-24 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Елордасында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Бірінші съезі өтті.

Қазақстан аумағында 140 этникалық және 40 конфессиялық топ өкілдері татулық пен түсіністікте өмір сүруде. Мұндай татулық пен түсіністікке Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев жүргізген ішкі саясат нәтижесінде қол жеткізді. Діннің қазіргі қоғам-

дағы рөлі мен маңызы артқанын жете сезіне отырып, ол республика елордасында әлемдік және дәстүрлі діндер форумын өткізу бастамасын көтерді.

Съезд жұмысына ислам, христиандық, иудаизм, индуизм және буддизмнің мейлінше беделді өкілдері қатысты. Бұл форумның мақсаты – әлемдік және дәстүрлі діндер нысандарында жалпы адами бейн-дерді іздестіруге, дін келіссөзін жүзеге асыру мен келісілген шешімдер қабылдау

үшін үнемі әрекет ететін халықаралық конфессияаралық институтын құруға негізделген болатын.

Съездің қатысушылары құрамының жоғары деңгейі конфессияаралық форум өткізу жөніндегі Қазақстан бастамасының жүзеге асуының даусыз жеңісіне айналды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезі ел тарихында Қазақстанның халықаралық мәртебесін көтерген форум ретінде қалды.

Ұжымдық қауіпсіздіктің заманауи жүйесі

Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы халықаралық маңызы өте жоғары маңызды оқиғалардың бірі – 2010 жылы 1-2 желтоқсанда Нұр-Сұлтанда өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға (ЕҚЫҰ) қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшылары Саммиті.

ЕҚЫҰ – саяси диалогтар үшін арналған халықаралық ұйым. Қазақстан Бүл Ұйымға 1992 жылы 30 қаңтарда мүше болды. Қазақстан Республикасы аталған беделді халықаралық Ұйымға 2010 жылы төрағалыққа сайланды. Жас тәуелсіз мемлекеттің кандидатурасын қолдап ЕҚЫҰ-ға мүше барлық 56 ел бірауыздан дауыс берді. Бұл шешім халықаралық тұрғыда Қазақстанның

жүргізіп отырған халықаралық саясаттағы рөлінің өскендігін көрсетті.

Еліміздегі ЕҚЫҰ-дағы төрағалығының ұраны латынның төрт «Т» әрпі болды: сенім (trust), дәстүр (tradition), транспаренттілік (transparency) және төзімділік (tolerance).

2010 жылы 16-17 шілдеде Алматыда ЕҚЫҰ СІМ бейресми кеңесі өтіп, жиында Қазақстанда Ұйым Саммитін өткізу туралы шешім қабылданды.

Төрағалықтың басты қорытындысы – ЕҚЫҰ-ның 11 жылдық үзілістен кейін 2010 жылы 1-2 желтоқсанда Елордамызда өткен Саммит болды.

Бітімгершілік миссиясы

Осы заманның аса ықпалды халықаралық ұйымдарының бірі – Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына (ИБҰ) еліміздің төрағалық етуі – Қазақстанның жоғары беделінің айғағы.

Ол басында Ислам Конференциясы Ұйымы (ИКҰ) деп аталған мұсылман елдерін бір орталыққа біріктіріп отырған ұйым. Мақсаты – ұйымға мүше мұсылман елдерінің бірлігін күшейту, бірін-бірі қолдауын қамтамасыз ету, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту, мәдени, өнер-білім салаларында ынтымақтастықты дамыту. Ұйымға тұрғылықты халқы, негізінен,

мұсылман болып табылатын 57 мемлекет мүше.

1995 жылғы желтоқсанда Конакридегі (Гвинея) ИКҰ-ға мүше елдер сыртқы істер министрлерінің конференциясында Қазақстан Ұйымға толық құқықты мүше ретінде қабылданды. ИКҰ Жарғысына сәйкес Қазақстан Ислам Даму Банкінің мүшесі де болды.

Қазақстан 2011-2012 жылдары Ислам ынтымақтастығы ұйымына (ИБҰ) төрағалық етті. Бұл миссияны тарихи оқиға деп атауға болады, өйткені, онда Ислам конференциясы ұйымы атауын (ИКҰ) Ислам

ынтымақтастығы ұйымы (ИБҰ) деп өзгерту туралы шешім қабылданды және Адам құқықтары жөніндегі тұрақты комиссия құрылды. Қазақстанның ИБҰ-на төрағалығы «Бейбітшілік, Ынтымақтастық және Даму» ұраны аясында өтті. Қазақ Елінің төрағалығы ауқымында жалпы көлемі 40 шара өткізілді. Сирия дағдарысын бейбіт жолмен шешуге арналған елордамызда өткен бірнеше отырыстар мұсылман әлемінде Қазақстанның өзіндік ерекше орны және беделі бар екенін тағы да паш етті. Сөйтіп, Қазақстанның бітімгершілік миссиясы бүгінгі күні де жалғасын тауып отыр.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Табандылығымен, ұшқырлығымен елдің мұңына ортақтаса білетін журналистер қауымы қашан да құрметке лайық. Кәсіби мерекеге орай билік пен халық арасындағы алтын көпір атанған, қоғам айнасына айналған қауымды марапаттау өз жалғасын табуда. Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров БАҚ өкілдерін төл мерекесімен құттықтап, мәдениет пен өнер, денсаулық, спорт және қоғамдық келісім салаларындағы жаңалықтар мен жетістіктерді насихаттап, өзекті мәселелерді ортаға салып, тиісінше аталған салалардың дамуына үлес қосып жүрген газет, телевидение, радио, электронды БАҚ журналистеріне лайықты марапаттарын тапсырды.

Ержан Бабақұмаров өз құттықтауында: «Әлемді жсаулаған COVID-19 коронавируc індетіне байланысты жарияланған төтенше жағдай кезінде медициналық және әскери қызметкерлермен бір сапта болып, халыққа қажетті ақпаратты дер уақытында тарата білдіңіздер. Сол үшін де сіздерге қала әкімдігінің атынан зор ризашылығымды білдіремін! Шұғыл қимыл, жедел ақпарат, тұщымды хабар жасау арқылы мемлекеттік билік пен халықтың арасында алтын көпір болған сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, шығармашылық табыс, мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға құтбереке, шадыман шаттық тілеймін!», – деді.

Баспасөз күніне орай ұйымдастырылған салтанатты іс-шарада марапатталғандар

ҚАЛАМНАН ҚҰАТ АЛҒАНДАР лайықты марапатқа ие болды



арасында біздің ұжымның беткеуістар қаламгерлері де бар. Атап айтсақ, Алматы қаласының тұрғындарын жедел ақпараттармен, тұжырымды ойлармен таныстыруда белсене еңбек етіп келе жатқан «Алатау Ақпарат» ЖШС Бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов «Еңбек ардагері» төсбелгісімен, «Almaty aqshamy» газетінің Бас редакторы Төрехан Данияров, редакция меңгерушісі Абдухалил Джауапты хатшысы Әбдіжамал Сапарқұлов

«Ақпарат саласының үздігі» төсбелгілерімен, «Almaty aqshamy» газетінің қызметкерлері Роза Қараева, Нұржамал Әлішева, Мәншүк Бекбосын, Ербол Қожабаев Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, «Вечерний Almaty» газеті Бас редакторының орынбасары Михаил Буренковқа Алғыс хатқа ие болды. Іс-шара соңында қала әкімінің орынбасары журналистер қауымына мықты денсаулық, шығармашылық табыс тіледі.

КЕРЕК-ДЕРЕК

• **2013 жылғы 15 қаңтарда** ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін ұйымдастыру және өткізу жөнінде Ұлттық жоспар қабылданды. Астана қаласы Париждегі Халықаралық көрмелер бюросы Бас Ассамблеясының 152-сессиясында 2017 жылы халықаралық көрме өткізу құқығын жеңіп алды. Астанада өтетін ЭКСПО-2017 көрмесі Орталық Азияда ғана емес, ТМД елдері аумағында да өткізілетін алғашқы халықаралық көрме болды.

• **2019 жылғы 20 наурызда** Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Астана қаласы Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта аталды.

• Нұр-Сұлтан Қазақстанның орталығынан солтүстікке қарай құрғақ далалық өлкеде, құрғақ бозды-бетегелі дала аймағында орналасқан.

• Қазіргі уақытта астананың аумағы 722 шаршы шақырымнан асады, тұрғындар саны – 1 млн.-нан асады.

• Қала төрт ауданнан – «Алматы», «Сарыарқа», «Есіл» және «Байқоңыр» аудандарынан тұрады.

• Қала аумағы аласа терраса – жайылма жер бедері түрінде келеді. Есіл өзені елорданың басты су көзі саналады.

• Нұр-Сұлтан қаласының ауа райы күрт континентальды – қысы суық әрі ұзақ, жаз мезгілі ыстық және бірқалыпты қуаң.

• Еуразия құрлығының ортасында қолайлы орналасуы Елорданы экономикалық тұрғыдан тиімді көлік, қатынас және логистика орталығына, Еуропа мен Азия арасындағы өзіндік транзиттік көпірге айналдырды.

• Қала экономикасының қарқынды дамуы көптеген инвесторлар үшін тартымды болып отыр. Қала экономикасының негізі – сауда, өнеркәсіп өндірісі, көлік, байланыс және құрылыс салалары.

• Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстанда құрылыс металл бұйымдарын, пайдалануға дайын бетон және бетоннан жасалған құрылыс заттарын шығару жөнінен алдыңғы орынды иеленеді.

• Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері, Астана экономикалық форумы және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар тұрақты түрде өтіп келеді. Нұр-Сұлтанда ЕҚЫҰ-ның тарихи саммиті, ШЫҰ мен ИБҰ-ның мерейтойлық саммиттері өтті.

• 2011 жылдың басында республиканың елордасы VII Қысқы Азия ойындарының қатысушылары мен қонақтарын қабылдады.

• 2017 жылы елордада ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі өтті. Есіл өзенінің сол жағалауында көрме кешені – ЭКСПО-қалашығы бой көтерді.

• «ЭКСПО-2017» көрмесінің архитектуралық символына айналған көрме кешенінің орталық нысаны «Нұр әлем» деп аталады. Алып шар тәрізді ғимарат – әлемдегі ең үлкен сфера. Оның диаметрі 80 метр болса, биіктігі – 100 метр. Сегіз қабаттан тұратын нысанның әр қабаты ғарыш, күн, биомасса, жел, су және кинетикалық энергияға арналған. Ал сегізінші қабат «Нұр-Сұлтан – болашақтың қаласы 2050» экспозициясына арнайы бөлінген. Аталмыш сфераның төменгі табанындағы 5 мың шаршы метр аумақта Ұлттық павильон бар. Павильон «Қазақстанмен танысу» және «Жасампаздық энергиясы» атты екі негізгі тақырыпты қамтиды.

• Елордадағы бірегей сәулеткерлік ғимараттар: «Қазақ Елі» монументі; «Бәйтерек» кешені; «Бейбітшілік және келісім» сарайы; «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы; теңізден алыс орналасқан океанариум – «Думан» орталығы; «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры; Орталық Азиядағы ірі мешіт – «Әзірет Сұлтан» мешіті; «Қазақстан» орталық концерт залы; Қазіргі заманғы өнер музейі мен Президенттік мәдени орталық ғимараты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Нұр-Сұлтан – болашақ қаласы



Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
мемлекет және қоғам
қайраткері:

Нұр-Сұлтан – бітімгер, мәмілегер қалаға айналды

Ол кісі үнемі «астананы түбі көшіру керек» деп айтып жүретін. Шынымды айтсам, ол ешқайсымыздың ойымызға келген жоқ. «Жай айтып жүр» дейтінбіз. Бірақ ол кісі бір нәрсенің түбіне жетпей қоймайтын. Бірде сапармен Ақмолаға барып келді. Содан әңгімелесіп отырсақ, «Ақмолаға барып келдім, жалпы, жаман емес екен. Көп елдің астанасы өзеннің жағасына салынған ғой. Бір жағы

ол Қазақстанның тап ортасы. Екіншіден, онда Есіл өзені ағып жатыр. Түбі астананы көшіруіміз керек екен» деп ойын айтты. Егер біз сол кезде астананы Ақмолаға көшірмегенде, 5 облыстан айырылатын едік. Сол кезде әртүрлі дүмпулер болып, әңгімелер басталған еді. Мәселен, ол уақытта Ақмолада 9 пайыз, Қарағандыда 7 пайыз қазақ болды, Солтүстік Қазақстан мен Көкшетауда да солай болды. Сөйтіп, атабабадан қалған байтақ жерде қазақ өз елдігін сақтап қалды.

Баяғыда Абылай хан нашарлап жатқанда, Бұқар жырау «Абылай, не арманың бар?» деп сұрапты. Сонда Абылай «мен мына көшіп-қонған елімді қоныстандырсам, қала салсам, ел етсем деп едім. Менің ендігі арманым да осы, болашаққа аманатым да осы» деген екен. Назарбаев сол Абылайдың аманатын бұлжытпай орындаған адам. Қазақтың ғана емес, Қазақстанды мекендеген халықтың бәрінің басын қосты, ұлтына қарай бөліп-жармады. Қала салды. Жай қала емес, бүгінде әлемге әйгілі астана салды. Қазірде ол Нұр-Сұлтан қаласына айналды. Несі бар?! Өзі салған қала, өзі көсегесін көгерткен қала. Кеше ғана салынған астана, бүгінде Нұр-Сұлтан қаласы бітімгер, бейбіт мәмілегер қалаға айналды.



Нұрлан ОРАЗАЛИН,
ақын, Мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты:

Тәуекелі көзсіз емес

Ел астанасын көшіреміз дегенде, «мына Алматы секілді жұмақ қаладан қайда барамыз?» деген кісілер көп болды. Шыны керек, өте көп болды. Өзінің кіндік қаны тамған іргедің Ушқоңыры тұр,

Шамалғаны тұр... «Сұлтаны кеткен елден, ұлтаны қоса кетеді» дегендей, үлкен кісілердің де біз талай сөзін естідік. Сол кезде соған қарамай, батыстағы, шығыстағы, оңтүстіктегі, үлкен-үлкен дамыған елдердегі Қазақстан жөніндегі, болашақ жайлы пікірлерді қорыта отырып, қалай болғанда да Қазақстанның астанасын орталыққа, Еуразияның кіндігіне әкелуге ұмтылды. Турасын айту керек, бұл жерде геосаяси ахуалды жақсарту, ішкі және сыртқы миграцияның күшін ескеру, жалпы, «солтүстік облыстардан айырылып қалмайық» деген де терең ойлар жатты.

Сабыр мен тәуекелді бойына қатар сіңірген, соның ыстығы мен суығына сугарылған тұлға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тәуекелі көзсіз тәуекел емес. Ол шешімді, ақыл мен ойды әбден сабырға жүгіндіріп барып қабылдайды.

Смағұл ЕЛУБАЕВ,
жазушы, Қазақстанның
енбек сіңірген қайраткері:

Қазаққа ғана тән қасиеті бар

Елбасы бастап, қазақ элитасы қостап, «Қазақстанның символы – барыс» деп белгіленгеніміз есте болар. Міне, арада 30 жылдай уақыт өткен кезде еліміздің сол барыстан жолбарысқа айналатын кезі кеп қалды. Бұны ұмытпау керек. Қазақстан күллі Азияның,



Орта Азияның жолбарыстарының бірі болатын күн де жақын дегім келеді. Токсаныншы жылдардың ортасы өте қиын кез болатын. Соған қарамастан, тәуелсіздігін жүздеген жыл күткен халықтың бойында бір жасампаздық, өмірпаздық секілді алып күш ояңған болатын. Ол алып күшті біз пассионарлық дүмпу дейміз. Ал ол дүмпуге себеп болған Елбасының өзі болды. Соның арқасында, қиындықтарға қарамастан бәрі жасалды.

Жеке кездесуде ол кісімен әңгімелесу адамға рухани байлық сыйлайды. Өйткені, осыншама биікке көтеріліп, әлем лидерлерімен тізе қосып, сұхбаттар құрып, әлемге танылған тұлғаның жазушылармен әңгімелесіп отырғанда аурасы мүлде бөлек. «Жақсының алдында жазыларсың» деген мақал сөз тура сол кезде есіңізге түседі. Алды кең, еркін сөйлетеді, қақпайды. Жақсы әңгіме естисе, марқайып, қуанып отырады. Ол кісінің бойында осындай қазаққа ғана тән ғажайып қасиет бар.



Жамбыл АРТЫҚБАЕВ,
тарих ғылымының докторы,
профессор:

Нұр-Сұлтан – қайнап жатқан үлкен қазан

Нұр-Сұлтан өңірін қарасаңыз, оны Қазақстанның тура орталығы, жүрегі деп айтуға болады. Эпицентр деп те

жатамыз. Ол көне тарихтан да белгілі. Мәселен, әз-Тәуке ханның кезінде ол оның жазғы ордасы болды. Оның орны әлі күнге бар. Киіз үй құрып қойып, сонда тұра берген. Жау шапса, қорғаныс қамалдары бар. Оның алдында Орыс хан, Орманбет ханның да ордасы сонда болған. Хандардың мұнда тартылуының да себебі бар. Ұлы даланың ұлы жауынгер тайпалары да осы жерде бас қосқан.

Астананың көшіп келуі еліміздің экономикасына, саяси, мәдени өміріне қатты әсер етті. Қазір ол қайнап жатқан үлкен қазан секілді. Еліміздің жаңа мәдениетінің, экономикасының кескіні осы қалада жасалып жатыр. Бәрі осы қазанның ішінде қайнап, диірменінің ішінде тартылып жатыр.

Әзірлеген Айкерім НӘДІБЕКОВА.

«Елорда біздің республикамыздың күш-қуатының іске асуының, динамикалық дамуының және тұрақтылығының көрінісі. Біздің елордамыз – Отанымыздың жүрегі, халықтың өз күшіне сенімі мен ұлы тағдыр-талайының символы».

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Ел астанасының Алатау баурайынан Сарыарқа төріне қоныс аударып, Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланған елордамыз ширек ғасырға жуық уақыт ішінде гүлденген алып мегаполиске айналды. Бүгінде бас қала экономикалық және әлеуметтік инфрақұрылымы өркендеген, миллиондаған тұрғыны бар алып шаһар. Біз астана күні қарсаңында Еуразияның жауһарына айналған Нұр-Сұлтан қаласының даму динамикасын статистика көрсеткіштеріне сүйене отырып шолу жасаған едік.



Инвестиция игілігі

Бас шаһардың даму динамикасы елдегі қысылтаяң шақтың кедергілеріне қарамастан, барлық бағыттар бойынша қарқынды дамып келеді. Бір кездері Арқа төсінде енді ғана еңсесін тіктеп келе жатқан астанаға инвестор тарту ең басты мәселелердің бірі болса, бүгінде сол күмән сейіліп, елорда беделі артқан, әлем танитын қалалар қатарына қосылып үлгерді. Еліміз шет ел инвестициясын тартуға барынша қолайлы жағдай жасау саясатын жалғастырып келеді. Мәселен, 2021 жылғы қаңтар–мамыр айларында елорданың негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 315601,7 млн. теңгені құрады. Бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 32,2%-ға артық. Іскерлік қаржы салымдарының республикалық көлеміндегі Нұр-Сұлтанның үлесі 8,2%-ды құрады. Инвестициялардың жалпы көлемінің негізгі үлесін жеке бизнес игеріп отыр. Олардың үлес салмағы 82,6%-ды құрайды. Қаржыландыру көздері бөлінісінде кәсіпорындар мен ұйымдардың меншікті қаражаты 82,4%-ды, Мемлекеттік бюджет қаражаты – 7%, басқа қарыз қаражаты – 9,8%, банк кредиттері 0,8%-ды құрап отыр. Атқарылған іргелі жұмыстардың нәтижесінде елордамыздың экономикалық және әлеуметтік қуаты еселене түсті. Бұл ел дамуына салынған инвестицияның игілігі екені сөзсіз.

Бас қаланың халқы күн санап артуда

Алатау баурайынан Сарыарқа төсіне қоныс аударған алғашқы жылдары көпшілік жаңа астананың қас-қағым сәтте гүлденіп, көркейіп, зенгір көкпен таласқан зәулім ғимараттары алыстан менмұндалап тұратынына күмәнмен қарағаны рас. Алайда, отандық және шет елдің ең үздік деген сәулетшілері елорданың жаңа келбетін қалыптастырды. 24 жыл ішінде Нұр-Сұлтан қаласының аумағы бірнеше есеге ұлғайып, тұрғын саны 1 млн. 200 мыңға жуықтап қалды. Биылғы 1 мамырда нұр-сұлтандықтардың саны 1 199 083-ға жетіп отыр. Бұл өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда халық саны 49 136 адамға немесе 4,3%-ға өскенін көрсетеді. Денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, 2021 жылдың қаңтар–сәуір айларында Нұр-



КЕМЕЛ ҚАЛА ӘЛЕМІ



Сұлтан қаласында 9223 сәби дүниеге келген. Бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 10,5%-ға артық. Яғни халықтың 1000 адамға шаққандағы бала туу көрсеткішінің жалпы коэффициенті 23,25 сәбиге көбейген. Осылайша халықтың 2021 жылғы қаңтар-сәуірдегі табиғи өсімі 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 267 адамға немесе 3,7%-ға артып отыр.

Тұрғын үй құрылысы тоқтамайды

Нұр-Сұлтан қаласында соңғы үш жылдың ішінде қолжетімді тұрғын үй саны 5,5 еседей ұлғайды. Бұл баспана құрылысының қарқыны, тұрғын үй сертификатының көлемін ұлғайту және қатысушылар санатын кеңейтуді көздеп отырғанын көрсетсе керек. Сол себепті, ел астанасындағы тұрғын үй құрылысы қарқынды даму үстінде. Аталмыш салаға ағымдағы жылы салынған инвестицияның көлемі 192 066,5 млн. теңгені құрап отыр. Бұл көрсеткіш өткен жылдың қаңтар-мамыр айларына қарағанда 87,9%-ға артық. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде тұрғын үй құрылысында игерілген қаражаттың үлесі 60,9%-ды құрады. Барлық қаржыландыру көздері есебінен 9016 пәтерлік үйлер салынған. Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы аумағы 856 542 шаршы метрге ұлғайды. Бұл көрсеткіш 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,3%-ға жоғары. Ресми деректер, жеке тұрғын үй салушылар жалпы алаңы 30 974 шаршы метрлік үй салғанын айтады. Бұл 2020 жылғы қаңтар-мамыр айларына қарағанда өсім 104,1%-ға артқанын көрсетеді. 2021 жылғы қаңтар-мамырда тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салуға жұмсалатын орташа нақты шығындар 153,9 мың теңгені, оның ішінде жеке құрылыс салушылар салғаны – 127,3 мың теңгені құрап отыр.

Нұр-Сұлтан – іскерлер мекені

Бас қаланың экономикасын шағын және орта кәсіптен түскен қаржы құрайды. Бизнес белсенділігі жылдан-жылға артып келеді. Естеріңізде болса, елордада бұрын жеке кәсіпкерлікпен шұғылданатын адам саусақпен санарлықтай аз болатын, ал қазір әрбір бесінші қала тұрғыны жеке шаруашылықпен айналысады. Ағымдағы жылдың 1 маусымындағы есеп бойынша елордада ШОБ субъектілерінің саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,8%-ға артып, 151 954 бірлікті құраған. Оның ішінде 54 643 шағын кәсіпкерліктің, 255 орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалары, 96 654 жеке кәсіпкерлер және 402 шаруа қожалықтары бар. Осы тұста ШОБ субъектілерінің қолдауымен 2021 жылдың қаңтар-мамыр айларында қалада 534,2 млрд. теңгенің өнімі (тауар, қызмет) өндірілгенін айта кетуге болады. Яғни ағымдағы жылғы қаңтар-мамыр айларында өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі өткен жылғы қаңтар-мамыр деңгейіне қарағанда 115,6%-ға өсіп отыр. Өңдеуші өнеркәсіптегі өнімнің нақты көлемі 2020 жылғы қаңтар-мамырдағы деңгеймен салыстырғанда 15,3%-ға ұлғайды және қолданыстағы бағаларда 477,1 млрд. теңгені құрады. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің ұлғаюы машина жасауда, металлургияда байқалады. Азық-түлік секторында 2020 жылғы қаңтар-мамырдағы деңгеймен салыстырғанда сүт, кілегей өндіру 49,1%-ға, қысқа мерзімді сақтаудағы кондитерлік және ұн өнімдерінің өндірісі 29,0%-ға өсті. Құрылыс саласының кәсіпорындары плиткарды, кірпіштерді, цементтен жасалған бұйымдарды, тас бетонның (157,5%), тауарлық бетонды (130,5%), құрылыс ерітінділерін (112,3%) шығару көлемін ұлғайтты.


2021 жылғы қаңтар-мамыр айларында тасымалданған жүктердің басым бөлігі, нақты айтқанда, 56212,8 мың тоннасы жүк көліктерімен тасымалданған. Жалпы, жүк айналымы 3951,1 млн. текше метрді құрап отыр. Ал 2021 жылдың қаңтар-мамыр айларында автомобиль көлігімен 116,4 млн. жолаушы тасымалданған. Тасымалдаудың жалпы көлемінде көлік



кәсіпорындарының үлесі 54,3 млн. адамды (46,6%), жеке кәсіпкерлер – 62,1 млн. адамды (53,4) құрайды.

Мәдениет пен өнер ордасы

Еліміздің бас қаласында ағымдағы жылдың бірінші жартысынан 24 кітапхана, 8 мұражай, 15 демалыс саябағы, 7 театр, 1 цирк, 4 концерттік ұйым, 9 кинотеатр және «Жастар» мәдениет сарайы халыққа қызмет көрсетіп келеді. 24 ұйымды қамтып отырған кітапхана желісінің (оқу орындарын есептегенде) оқу залдарында жалпы саны 3308 орын бар. 8 мұражай жұмыс істейді. Нұр-Сұлтанда театр өнері түрлі жанрға бағытталған, 7 театр жұмыс істейді. Олардың көрермен



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

залында жалпы саны 4658 орын бар. Бүгінде «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры, «Астана Балет» театры, Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық-драма театры секілді өнер ордaları – елорданың мақтанышы. Тылсым мен таңғажайыпты тоғыстырған Нұр-Сұлтанның циркі де көптің көзайымына айналған танымал өнер ордасы. Мекеменің көрермендерге арналған классикалық диаметрдегі (13 метр) аренасы бар. Залға бір мезетте 2000 көрермен сыяды, 36 орынды VIP-ложа жеке орналасқан. Одан бөлек, қала аумағында 15 демалыс саябағы бар. Өткен жылы сол саябақтарда 31 мәдени-бұқаралық іс-шара өткізілді. Қалада концерттік бағдарламаларды 4 ұйым жүргізеді. Концерт залдарының сыйымдылығы 5420 орынды құрайды.

Ел ертеңі – білімді жастар

Еліміздің болашағы жастар еншісінде екенін ескерсек, сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені сөзсіз. Бүгінде Нұр-Сұлтанда (филиалдарды қосқанда) 16 жоғары оқу орны бар. Ондағы оқитын студенттер саны 59 425 адамды құрайды. Ағымдағы оқу жылында студенттер саны өткен оқу жылымен салыстырғанда 0,2%-ға артты. Студенттердің жалпы санынан – 93,1% күндізгі оқу бөлімінде, 1%-ы – сырттай; 5,9-ы – қашықтан білім алуда. Барлық студенттер контингентінің 10,6%-ы мемлекеттік жоғары оқу орындарында оқиды. Қалада отандық білім берудің флагмандары Назарбаев университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақ ұлттық өнер университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің

қазақстандық филиалы, Астана медицина университеті және басқа да жоғары оқу орындары бар.

Тұрғындарға жайлы қала

Нұр-Сұлтан қаласының Урбанистика орталығы Space Syntax халықаралық командасымен бірлесіп «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» атты шеберлік-жоспарын әзірледі. Бұл қолайлы орта құруға бағытталған қаланы дамытудың әлеуметтік-экономикалық стратегиясы. «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» шеберлік-жоспары аясында жүзеге асатын аталмыш жұмыс адамдар үшін жайлы қала; экологиясы таза тұрақты қала; белсенді өмір салты бар салауатты қала деп аталатын үш нақты мақсатқа негізделген. Шеберлік жоспары тактикалық және стратегиялық жобаларға негізделіп, іске асырылуда. Бұл мақсатта биыл қала тұрғындарын тарта отырып, қоғамдық кеңістіктерді, аулаларды жобалау және елорда көшелерін қайта жаңарту жұмыстары жүргізілді. Қала тұрғындарының қатысуымен қоғамдық тыңдаулар өткізілді. 40 аула және 20 қоғамдық кеңістік жобасы іске асырылды. Абаттандыру бағдарламасы аясында тротуарларды кеңейту, веложол бөлу жұмыстары жүргізілуде.

Сәулетін әлем мойындаған

Бүгінде елорда әлемдік сәулет рекордтары бой көтерген мегаполиске айналды. Алып шаһар өзінің айрықша көркем келбетімен, тыңнан тұрғызылған таңғажайыптарымен төрткүл әлемнің саяхатшыларына кеңінен танымал. Қаланың қалыптасу жылдарында бой көтерген «Бәйтерек» монументі, пирамида үлгісінде салынған Бейбітшілік және келісім сарайы, биіктігі 150 метр болатын шатыр үлгісіндегі ғимарат «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы, теңізден алыс орналасқан, сыйымдылығы 3 млн. литр суды құрайтын жоғары технологиямен жасалған океанариум – «Думан» орталығымен қатар, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры, қазіргі заманғы өнер мұражайы және Президенттік мәдени орталық секілді бірегей ғимараттар әлемнің кез келген құрылыс нысандарымен иық теңестіріп, дархан даламыздың даңқын асқақтатқан әлемдік деңгейдегі нысандарға айналып отыр.

Елорда тағдыры – барша қазақстандықтардың тағдыры

Қалай десек те, Елбасының ел астанасын Арқа төсіне көшіру туралы идеясы Қазақстанның дамуындағы маңызы зор тарихи бетбұрыс болды. Бүгінде ерке Есілдің жағасынан орын тепкен елордамыз кескін-келбеті мен әлем алдындағы атақ-абыройы асқақтап тұр. Бас қаламыз қай жағынан алып қарасаңыз да мақтануға тұрарлық. Сондықтан да елорданы әлем таниды. Сарабал саясаткер Нұрсұлтан Назарбаевтың мына бір сөзі тарих көшіндегі елорда мәртебесін айқындай түсетіндей: «Елорда біздің республикамыздың күш-қуатының іске асуының, динамикалық дамуының және тұрақтылығының көрінісі. Біздің елордамыз – Отанымыздың жүрегі, халықтың өз күшіне сенімі мен ұлы тағдыр-талайының символы». Елбасы жас әрі жылдам дамып келе жатқан елорданы ел Тәуелсіздігінің нышаны екенін айта келіп, «елорда тағдыры – барша қазақстандықтардың тағдыры» екенін атап өтті.





АЛАШ ЖҰРТЫНЫҢ АЙБАРЫ

Ел астанасымен бірге солтүстікке қазақтың тәуелсіз рухы да келді



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Елорда халқы күн санап өсіп келеді. Астананы көшіру жарияланған жылы мұнда небәрі 200 мың ғана халық тұрса, қазір елордалықтар қатары миллионнан асып жығылады. Нұр-Сұлтан халқының аз уақыттың аясында мұншалық өсуі қала болашағының кемел екендігін аңғартады.



Елордамыз Нұр-Сұлтан соңғы жылдары бас айналдырар жылдамдықпен дамып келеді. Барлық жағынан. Бүгінде әзілкештердің аузында жүргеніндей, «қазір ғана сізді вокзалға күтіп алуға кетіп бара жатқанымда мына ғимарат жоқ еді» дегендей, құрылысы да, демографиялық ахуалы да, экономикалық жағдайы да күн санап дамып келеді. Қазір Астана бар қазақтың мақтанышына айналған.

Елбасы Н.Назарбаев Сенат депутаттарымен кездескен кезіндегі сөйлеген сөзінде: «Ақмола қаласының Қазақстан экономикасына берері бір процент еді. Енді қазір жалпы өнім 20 есеге өсті. Халқы бес есеге өсті. Мұнда қазақ халқының үлесі басқа қалаларға қарағанда басымырақ. Яғни Қазақстандағы қазағы көп қаланың біріне айналды», – деген болатын.

Нұр-Сұлтан қалалық Статистика департаменті мамандарының айтуынша, осы жылдың мамыр айындағы мәлімет бойынша мұнда 1 199 100 адам нақты тіркелген екен. Ал бас қалада тіркеуде тұрмағандар мен шет елден келіп жұмыс істеп жатқан азаматтарды қосқанда, көрсеткіштің бұдан да көп болатыны сөзсіз. Қазір қаланың аумағы да кеңейіп келеді. Бұл дегеніміз – халық санының артқандығын көрсетеді. Бұрын екі аудан болса, қазір тағы екі аудан: Есіл мен Байқоңыр аудандары қосылды.

Елорда халқының өсуі, негізінен, көші-қон ағыны есебінен қамтамасыз етіліп отырғандығы белгілі. Бұл ретте Нұр-Сұлтан қаласына келіп, тұрақтап жатқандардың басым бөлігі, нақты айтсақ, 97 пайызы – Қазақстанның ішінен келушілер, яғни ішкі көші-қонның үлесінде. Қалған екі-үш пайызы өзге мемлекеттерден келеді. Оның өзінде келіп жатқандардың дені – оралман ағайындар. Қандас бауырларымыздың арасында Қытайдан, Өзбекстаннан, Ресейден келгендері басым. Ал ішкі көші-қон мәселесі бойынша Астанаға ең алғашында Ақмола өңірінен, Қарағанды, Қостанайдан қоныс аударушылар көп болды. Негізгі қала халқының құрамын сол жақтан келушілер құрады. Бірақ одан кейін Алматыдан мемлекеттік органдардың көшуіне байланысты оңтүстік аймақтан келетіндер көбейді.

Сондай-ақ, құрылыс қарқын алғанда, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарынан келетіндердің легі асты. Енді Астананың күннен-күнге өсуі, өркендеуі қалаға қызығушылардың санын арттырып отыр. Тұрғындардың орташа жасымен салыстыра қарағанда, Астана ең жас қала болып есептеледі. Астаналықтардың орташа жасы – 32 жас. Мұнда жастар бүкіл елімізден оқу үшін де, жұмыс істеу үшін де келуде. Жас мамандар лайықты да жақсы жалақысы бар

иеленгенін көрудің өзі көңіліңе қуаныш сыйлайды. Күйші Дина көшесі, Керей Жәнібек хан көшесі, Тілеп Қобыз сарайы, Керемет моншасы, Бәйтерек, Хан Шатыр атаулары қазақы атауымен Нұр-Сұлтанның қазақтың бас ордасы екенін сездіргендей. Тіпті, қарапайым ғимарат қабырғалары, көшедегі безендірілген гүлдердің пішіндері, үйлердің ауласындағы балалар ойнайтын алаңқайларының жиегіне шейін қазақы ою-өрнектермен өрнектелуі кез келген қазаққа рух сыйлары сөзсіз. Расында да, қоғамдық орындарда, қоғамдық көліктерде ана тілінде ғана сөйлейтін мамандардың артуы шын мәнінде Елорданың қазақы қалаға айналғанын көрсетеді.

Жалпы, Елордада қазақ тілінің мәселесі біртіндеп шешіліп келеді. Бұрынғыдай емес, қазір мұндағы мекемелердің арасындағы хаттар да қазақша жазылады. Демек, қазақ тілінде сөйлеушілер көбейіп жатыр. Бұл – жақсы үрдіс, жақсы беталыс. Қалай десек те, Елорданың келешегі кемел, демографиясы алда әлі де талай өсетін, Қазақстанның басқа қалаларына үлгі болатындай болашағы зор шаһар болып қала береді. Әлемнің астаналарымен тайталаса алатын Елорданың жетер жетістігі әлі алда деп есептейміз.



● СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Талғат МҰСАХАНҰЛЫ, тарихшы:

Қазақтың бас қаласы әлі де жайнап, жарқырай береді

Біз қаншама жыл бодандықта болып, XX ғасырдың соңына таман егемендікке қол жеткіздік. Тәуелсіздік алдық. Тәуелсіздіктің арқасында қазақ халқының жаңа астанасы бой көтерді. Яғни Елорда қазақ халқының, әлсіреп қалған, жұтанған, сөзге тақаған рухын қайта тірілтіп, өзіне деген ұлттық сенімін қайтарып берді. Қазақ баласы жердің иесі, сайын даладағы ұлы тарихтың мұрагері екенін, осы елдегі жақсыға да, жаманға да жауапкер екендігін сезінетін болды.

Біз ұлттық рухты қастер тұтатын халықтық қалпымызға қайта оралдық. Біз қазіргі күні Елордамен мақтанатын деңгейге

жеттік қой, әлі талай толқын мұның маңызын айтып мақтанып отыратын болады. Егер астана Алматыда қала беретін болса, солтүстік шытынап кетуі мүмкін еді. Өйткені, қазақтың Сарыарқасына, солтүстігіне көз алартып отырғандар аз емес. Солтүстіктегі шұрайлы өңірге көзінің сұғын қадайтындар бар кезде Алматыда қалай тыныш жатуға болады.

Сондықтан Алматыдан бас қаланы ауыстыру арқылы солтүстігімізге қазақтың тәуелсіз рухы да келді. Біз Елордамызбен мақтануымыз қажет. Қазақтың бас қаласы әлі де жайнап, жарқырай берсе екен деймін.

Тұралы НҮРБОЛУЛЫ,
Алматы қаласының тұрғыны:

Елорда – ұлттық идеяның ордасы болуы керек

Рас, алғашқы кезде Нұр-Сұлтан қаласының болашағына күмәнмен қарап, сынап-мінейтіндер өте көп болды. Ал қазір қазақтың бас қаласының болашағымен, жеткен жетістігімен мақтанатындар көбейіп келеді. Енді басқа қалаларымыз да

Елордаға қарап бой түзесе екен деймін. Бұл ретте Нұр-Сұлтан қаласындағы бүкіл саясат, қабылданатын, жүзеге асатын іс-шаралар тұтастай халық үшін болуы керек. Бас шаһардағы саясат қара халықтың мақсатымен, мүддесімен қабысуы шарт. Қазіргі тілмен айтсақ, Елорда – ұлттық идеяның ордасы болуы керек.

Ұлттық идея дегеніміздің өзі – ұлт тәуелсіздігін сақтау, оны нығайту, халықты көркейту мен дамытудан тұрады. Қалың жұртшылықты бір бағытқа ұйытып, басын біріктіріп, Елорданы дамыту арқылы бұқараны, бүкіл елді дамытуды жүзеге асыруымыз қажет.



Статистикаға сүйенсек, республикамыздың астанасында ерлерге қарағанда әйелдер аз. Осы жылдың мамыр айының басына қалада 598 009 әйел және 551 938 ер адам тұрады. Ең тығыз қоныстанған аудан – Сарыарқа, онда 340 мыңнан астам адам тұрады. Одан кейін Алматы ауданы – 299 мың, Есіл ауданы – 272 мың және Байқоңыр – 237 мың адам.

Бір қуанарлығы, елордада қазақтардың саны басым. Қалада 1 199 100 адам тұрса, соның 700 451-і (74,3 пайызы) қазақтар. Орыстар – 132103 (16,2%), украиндар – 13736 (1,7%), татарлар – 10425 (1,3%), немістер – 8406 (1,0%), корейлер – 5533 (0,7%), беларусьтер – 3913 (0,5%) және басқалардың үлес салмағы – 9442 (1,2%) адамды құрайды. Яғни қала қазақыланып келеді.

жұмысқа тұруда, сондықтан Астанадағы тұрмыс деңгейі – еліміз бойынша ең жоғарылардың бірі. Астананың қоныс аударуымен басталған республикаішілік көші-қон солтүстік өңірге ұлттық шырай берді, ұлттық идеяның әлеуметтік-интеллектуалдық әлеуетін нығайтты.

Қашанда бар нәрсені жоқ ету оңай да, ал жоқты бар ету қиынның қиыны екені даусыз. Осы орайда, жоқ жерден мүлдем жаңа, заманауи, бір елдің астанасын, бас қаласын тұрғызу оңай болмағаны белгілі. Ең алдымен, көз қуанытып, көңіл сүйсінтетін нәрсе – Нұр-Сұлтан қаласының қазақы қалаға айналғаны. Бір кездері орыстанған өлкеде бүгінде таза қазақтілді халық көбейген.

Тіпті, көшелерінің атаулары тек қана бір-ақ тілде, таза қазақ тілінде қатесіз жазылғанын әрі ел мақтаныштарының атын



«БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМНЫҢ АСПАНЫ»

Алматыда Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Балалық шағымның аспаны» фильмінің тегін көрсетілімі өтеді. Бұл – Қазақстанның Тұңғыш Президентінің балалық шағы туралы өмірбаяндық драма. Болашақ көшбасшының балалық шағы соғыстың қиын кезеңіне және соғыстан кейінгі алғашқы жылдарына тұспа-тұс келген. Алайда, бақытсыздықтар мен сәтсіздіктер оны сындыра алмады, тек өз арманына сенуге итермеледі.

Фильм 4 шілде, 21.00-де басталады.

Өтетін орны: Абай даңғылы, 92, «Алматы бас жоспары» ғимаратына кіреберістің алдындағы ашық алаң.

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ КЕРЕМЕТІ



ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы Алматыдағы Венгрияның Бас консулдығымен бірлесіп «Армин Вамбери – түркі әлемінің Венгр зерттеушісі» көрмесін өткізуде. Экспозиция Венгрия Академиясы кітапханасының Шығыс жиналысының материалдары негізінде дайындалған. Академик, Венгр географиялық қоғамының негізін қалаушы, коллекционер-библиофилдің – Армин Вамберидің жұмыстары көрсетіледі. Ол сонымен қатар түрік және парсы қолжазбалар жинағының негізін қалаушылардың бірі.

Көрме 12 шілдеге дейін, күн сайын сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін жалғасады.

Өтетін орны: ҚР Орталық мемлекеттік мұражайы («Самал-1» ы/а, 44-үй).

ЦИРК СЕНІ КҮТЕДІ, БАЛАҚАЙ!



Карантинге байланысты ұзақ демалыстан кейін Алматы циркі сүйікті көрермендеріне есігін айқара ашады. 3 шілдеден 15 тамызға дейін цирк Hello Circus жаңа бағдарламасын ұсынбақшы. Гимнастардың, иллюзионистердің, жаттықтырушылардың және сүйікті клоундардың қызықты қойылымдары ешкімді бей-жай қалдырмайды. Жаңа бағдарламада әртістер ең жақсы нөмірлер мен қойылымдарын дайындап отыр.

Қойылым 3 шілдеде, 16.00-де басталады.

Өтетін орны: Қазақ мемлекеттік циркі (Абай даңғылы, 50).

ОРКЕСТРЛЕР ШЕРУІ



28 гвардияшы-панфиловшылар атындағы саябақта классикалық және оркестрлік музыка шырқалады. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Медеу ауданының әкімдігі осындай ерекше флешмоб ұйымдастырмақшы. Өтіп бара жатқан адамдар Астана күніне орай «Ел жүрегі – Астана» тақырыбында ашық аспан астында өткен ерекше «Оркестрлер шеруінің» куәсі бола алады. ҚР ҰҚК Шекара академиясының оркестрі мерекелік репертуары бойынша өнер көрсетеді.

Іс-шара 3 шілдеде, 17.00-де басталады.

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА

Hide Park Almaty «Сила воли» фильмінің тегін көрсетіліміне шақырады. Аты аңызға айналған спортшы Джесси Оуэнстің керемет табандылығы оны Берлиндегі 1936 жылғы Олимпиадаға алып келді. Жолында кездескен кедергілер мен азғырулар бүкіл әлем бақылайтын үлкен жүгіріспен салыстырғанда ештеңе емес. Кейбіреулер Джессиді әділеттіліктің белгісі ретінде жеңеді деп үміттенген, ал басқалары идеологияның жеңісі үшін оның жеңілуін аңсағаны туралы фильмді ашық аспан астында тамашалай аласыздар.

Hide Park, Тимирязев көшесі, 42к17 мекенжайында өтеді. Тегін.

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ КӨРМЕ

Ө. Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайының қорынан «2021 жылдағы – мерей жастағы суретшілердің» туындыларына арналған көрмесі ашылады. Экспозицияда 2021 жыл мерейтойлық жыл болған суретшілердің туындылары жинақталған. Олардың есімдері елімізде ғана емес, шет елде де кеңінен танымал. Шеберлердің шығармашылық жолы XX ғасырға, Қазақстанның көркемсурет мектебінің қалыптасу кезеңіне келді. Өнерге ортақ «Адам және Әлем», «Адам және уақыт» тақырыбы суретшілерге адам өмірінің негізгі құндылықтарын түсінуге және көрсетуге мүмкіндік береді.

Көрме шілде айының соңына дейін жалғасады.

ҰЛЫ ДАЛА ДАСТАНЫ

Ө.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінің Орталық көрме залында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған көрме ҚР Журналистер одағының және ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Көркем Академиясының академигі, Халықаралық «Тұран» сыйлығының лауреаты Сейсенхан Маханбетовтың 60 жылдық мерейтойына арналады. «Ұлы дала дастаны» деп аталатын жеке шығармашылық көрмеде суретшінің 60-тан астам көркемөнер туындысы бар.

Көрме шілде айының 2–12 күндер аралығында жалғасады.

Әзірлеген Айым НҰРМАН.



РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ



Динара
МҰРАТ

Алматы музейі ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, сондай-ақ Ұлттық домбыра күніне арналған «Шеберлер ауылы – Алматы музейінде» атты сәндік-қолданбалы өнер көрмесін өткізді.

Бүгінде ұлттық колөнердің шаңырағына айналған «Шеберлер ауылы» тау етегінен түсіп, Алматы тұрғындарын өз туындыларымен қуантты. Ашылу салтанатына аталмыш өнердің майталмандары, жергілікті Мәдениет басқармасының өкілдері мен жалпы өнер сүйуші қауым қатысып, ұлттық өнер түрлерін барынша насихаттау маңыздылығына тоқтала келе, жылы лебіздерін білдірді.

«Мәдени көрмені ұйымдастырудағы негізгі мақсат – еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында белгіленген бағыттарды іске асыру, оны тегін форматта өткізу арқылы қолжетімді ету. Бүгін сіз бен біз қолөнерлеріңіздің қолынан шыққан туындыларды тамашалайтын боламыз. Егер біз қазірден бастап ұлттық өнерді дамытып жүрген жандарға қолұшымызды беріп, көмек көрсетпесек, олардың саны азая бермек. Міне, сондай жағдайдың алдын алу да біздің басты назарда, қойылатын міндеттер қатарында», – деді қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Айдарұлы.

Басқарма басшысы «Шеберлер ауылының» көрмесін ұйымдастыруға мұрындық болған Дәмелі Серікқызы мен желтоқсаншы Гүлбаһрам Есмұратқызын ерекше атап өтіп, сый-сыпаттарын ұсынды.

«ШЕБЕРЛЕР АУЫЛЫ – АЛМАТЫ МУЗЕЙІНДЕ»



«Алматының маңында шеберлер ауылы бар екенін білесіздер. Сол жердегі мықты шеберлердің қолынан шыққан бұйымдарды біз Алматы қолөнер палатасы ұйымдастырған жәрмеңкелерде қаламыздың тұрғындары мен қонақтарына ұсынған болатынбыз. Жастарға насихат жұмыстарын жүргіздік. Бүгін де сол дәстүрден айнымай, өз жұмыстарымызды көпшілікке таныстырып отырмыз. Басты мақсатымыз, әрине, дәстүрлі қолөнерді сақтау, заманауи тәсілдерін насихаттап, отандық креативті экономиканың дамуына өз үлесімізді қосу», – деді Дәмелі Серікқызы.

Көрмеден 80-жылдары өнер жолына келген Зуфар Юлдабаев, Рыскелді Мұсаев сынды кәсіби зергерлердің ұлттық нақыштағы бұйымдарын, әжелеріміз жасаған

құрақтардан өрілген картиналар авторы Айсулу сынды жас таланттардың туындыларын, ұлттық киімдер үлгілерін, киізден жасалған абстракциялық бейнелеу өнері туындыларын, ағаштан ойылып істелген бірқатар дүниелерді көре аласыз. Ең бастысы, ескі мектеп өкілдерінің ұлттық нақыштағы бұйымдары мен жастардың заманауи көзқарасына куә бола аласыз. Көрменің құндылығы сонда – қазақи қолөнердің кешегісі мен бүгінгі саралауға үлкен мүмкіндік.

Әрине, көздің жауын алар дүниелер жетерлік. Бірақ соның арасында ең ерекшесі, төрден орын алған туынды – бір кесек ағаштан ойылып жасалған, толыққанды автордың қиялынан туған, төрт түрлі ыдыс-аяқты ортақ композицияға біріктірген автордың жұмысы. Онда қымыз тостағаны,

ет ұсынатын аяқ болсын, барлығына аса бір мән беріліп, бір стильден ауытқымай, әр деталі мұқият ойластырылған.

«Мен өзім сақ дәуіріндегі «аң стилін» зерделеп, археологиялық қазбалардан кейін табылған кішігірім үлгілерін өз туындыларыма пайдаланып, өзімше жалғастырып жатырмын. Сіздерге ұсынып отырған туындым кішігірім ғана шығармашылығым, бірнеше жұмысым шет елде жатыр. Мына жердегі төрт табанына қарар болсаңыз, бозы қасқыр бөлтірігінен басталады ғой, сол барлық ауыртпалықты

көтеріп тұрғандай. Анықтан қарасаңыздар, қошқар, қанатты барысымыз, қасқыр бейнелері мен алыстан назар аударғанда көне қала Отырардың сұлбасын көре аласыздар. Ең қарапайым мына ожауды алсақ, таутекенің мүйіздері тоғысып шаңырақты меңзеп тұр. Жалпы, мұнда кесеқан, екі астау, қымызға арналған тостаған жиынтығынан құралған ортақ композиция ұсынылған. Яғни барлығы бір стильде жасалған», – деп түсіндірді автор.

Қазақ шеберлерінің жасаған бұйымдары – ұлттық болмыс, ұлттық қор, ұлттық мақтаныш.

■ «АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

Республикалық халық саз аспаптар музейі 1980 жылы құрылды. Музей құрудың негізгі мақсаты – ұмыт болған музыкалық аспаптарды, дәстүрлі қолөнер бұйымдарын, қазақ үй жабдықтарын жасап насихаттау. Соған байланысты қолөнер шеберлерін бір жерге ұйымдастырып, жұмыс жасау мақсатында 1988 жылы «МИРАС» атты ұйым құрып, қолөнер шеберлерінің басын қосып, ұмыт болған ұлттық бұйымдарды шығару көзделді. Қазақтың біртуар азаматтары мықты шебер-ұсталар Қалмаған Тілеуханов пен Дәркембай Шоқпаров жас шеберлердің шыңдалуына еңбек сіңірді. Бастапқыда шеберхана-дүкен «Астана алаңында» болса, сонынан тау бөктеріне көшіп «Шеберлер ауылы» деген атқа ие болды. Бұл жерде шеберлер музыкалық аспаптардың түрлерін: домбыра, адырна, жетіген, нар қобыз, даңғыра, шыңдауыл, асатаяқ, дулыға, сазсырнай, бұғышақ түрлерін Д.Шоқпаровтың басшылығымен жасап, фольклорлық ансамбльдерді қамтыды. Ал Қ.Тілеухановтың басшылығымен темір бұйымдары, зергерлік бұйымдар қазақ үй жабдықтары жасалды. Туристер, қала қонақтары осы ауылға барып ұлттық бұйымдардың жасалу тәсілдерін көру, үйрену мүмкіндігіне ие болды. Шеберлер ауылынан белгілі шеберлердің басын қосып, ұмыт болып барған жатқан тұрмыстық зат бұйымдарын қалпына келтіру, оларды дамыту жұмыстарын жүргізді.

«Ashyq» қосымшасы туралы не білеміз?



«Ashyq» қосымшасындағы қызыл, жасыл, сары, көк түстер не білдіреді? Қолданбаны жүктеу кімдерге міндетті? QR-код қалай және беріледі? Осы секілді сұрақтар көпшілікті қызықтырады.

Қосымша не үшін қолданылады?

Ол бизнеске де, тұрғындарға да арналған. Оның басты мақсаты – қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Бүгінде кәсіп иелері шектеулермен жұмыс істеуге мәжбүр болып отырғаны белгілі. Аталған қосымша арқылы QR-код қолданып, ПТР-дың жалпы базасымен интеграциялау арқылы ғимаратқа келген адамның статусын анықтауға мүмкіндік береді. Келушілер мен қызметкерлердің вирус жұқтыру деңгейін азайтып, жұртшылыққа жұмыс істеуге мүмкіндік берілмек.

QR-код кімдерге беріледі?

QR-код тек кәсіпкерлік нысандарға беріледі, яғни аталған жобаның қатысушыларына ғана беріледі. Келушілерге арнайы QR-код қажет емес. Бар болғаны эпидемиологтер мәліметтер базасынан статусын анықтау үшін «Ashyq» қолданбасын жүктеуі керек. Кәсіпкерлер жобаға қатысу үшін InfoKazakhstan.kz платформасы арқылы QR-код ала алады.

QR-код деген не?

QR-код дегеніміз – бизнес субъектісінің атауы, мекенжайы мен идентификациялық мәліметтері жинақталған электронды идентификатор. Бір нысанға кем дегенде 2 QR-код беріледі. Яғни кіреберіс пен шығатын есікке. Егер ғимараттың бірнеше есігі болса, онда әрқайсысына жеке код беріледі.

Қалай қолданады?

«Ashyq» мобайл қосымшасын жүктеуі тиіс немесе басқа авторизация жасалған қосымша болуы тиіс. Ол үшін телефон нөмірін жазып, ЖСН енгізеді. Одан кейін өзінің кіргелі тұрған жерінің QR-кодын түсіреді. Осылайша оның кіргені тіркеледі. Сондай-ақ, шығаберісте де QR-код сканерлеу қажет. Қосымша болмаған жағдайда сіз барған жердің қызметкері кіргеніңізді тіркеу үшін жүйеге ЖСН-ді енгізуі керек.

Түстер нені білдіреді?

Егер «қызыл» түс жанса, демек ол адам ПТР-тест тапсырған.

Әзірлеген

Айкерім НӘЛДІБЕКОВА.

«Дельта» әлемнің 96 елінен анықталды



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Әлемде «Дельта» штамының таралуына байланысты Денсаулық сақтау министрлігі КВИ науқастарынан алынған он зертханалық үлгілердің ПТР скринингін өткізді.

2021 жылдың 1 шілдесінде Үнді штамын анықтау үшін 414 сынамааның ПТР скринингі өткізілді. Нәтижелері бойынша 48,3 пайыз үнді штамы барлық облыс пен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында табылды. Мутацияның болуын және оның «Дельта» штамына жататынын түпкілікті растау үлгілердің ДНҚ толық геномдық реттілігі аяқталғаннан кейін анықталады. Дельта штамм клиникасының ерекшеліктері – инкубациялық кезеңнің 5 күнге дейін қысқаруы, ішек белгілері басым, аурудың тез дамуы, науқастар арасында жастар санының көбеюі, балалар мен жүкті әйелдер арасындағы ауыр курс.

Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігі қазақстандықтардан өз денсаулығына және жақындары мен туыстарының денсаулығына жауапкершілікпен қарауды сұрайды. Инфекциядан қорғаудың жалғыз әдісі – аяқталған курс COVID-19 вакцинациясы. Сонымен қатар, вирустың таралу қаупін азайту үшін барлық алдын алу шараларын сақтау қажет: бетперде кию, әлеуметтік арақашықтықты сақтау, қол гигиенасы, үй-жайларды желдету және т.б. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегі бойынша 2021 жылғы 1 шілдедегі жағдайға сәйкес «Дельта» SARS-CoV-2 штамы әлемнің 96 елінде анықталды.



Ұжымдық иммунитет керек



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы «қызыл аймақта». Бұл қалада таралған «дельта» деген жаңа штамға байланысты болып отыр. Ал КВИ-ді жұқтырмаудың жалғыз жолы – вакцина алу. Мегалополистегі көптеген ұйым-мекеме қызметкерлері коронавирусқа қарсы екпе алды. Себебі, бұл індетті ауыздықтау үшін ұжымдық иммунитет қалыптасуы тиіс деп отыр мамандар.

Баршаға мәлім, коронавирус індеті ие бермей кеткен кезде көптеген қызмет саласына ауыр

тиді. Олардың дені онлайн форматта жұмыс істеді. Алматы қаласының мемлекеттік мұрағатының қызметкерлері де локдаун, карантиндік қатаң шектеулер кезінде біраз қиындықпен бетпе-бет келгендерін айтады. Себебі, олардың жұмыстарының басым бөлігі қағаз түріндегі құжаттармен байланысты.

Алматы қаласы мемлекеттік мұрағаты құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің басшысы Ғалия Ақаева коронавируспен ауырмаған. Бірақ ол бұл індеттің қандай екенін жақсы біледі. Себебі, туыстары, достары мен таныстарының арасында ауырғандар болған.

«Мен вакцина алдым. Екпе алуымның бірнеше себебі бар. Вак-

цинадан соң қоғамдық, көпшілік орындарға барудан қорықпайсың. Рас, алғашқы кезде екпеден қорқыныш болды. Себебі, әлеуметтік желіде вакцина туралы түрлі қауесет әңгімелер желдей есіп жүрді. Кейін олардың бәрі жалған ақпарат екеніне көз жеткіздім. Сосын екпе пунктіне бардым. Алматының әрбір тұрғыны осылай жасауы тиіс деп санаймын», – дейді Ғалия Атибайқызы.

Ол вакцинадан кейінгі кейбір жанама әсерлердің дененің табиғи реакциясы екенін айтты. Сондай-ақ, вакцина алғаннан кейін де белгілі бір уақыт ішінде санитарлық нормалар мен әлеуметтік арақашықтықты сақтауға шақырды. «Вирус – өте қауіпті, әрі тез жойылмайды, бірақ біз оған қарсы күресте күш біріктіріміз керек», – дейді ол.

Ғалия Ақаеваның әріптесі – Бота Байжомартова аталған мұрағаттың есепке алу бөлімінің басшысы. Ол да екпе алды. «Вакцидан емес, вирустан қорқыңыз дер едім. Түрлі жалған, тексерілмеген ақпаратқа сенбеңіз. Вакцина мені індеттен қорғайды деген сеніміңіз күшті болу керек. Вакцинаның арқасында кез келген қала тұрғыны вирустың таралуын тоқтатуға көмектеседі», – дейді Бота Тұрарбекқызы.

Алматы қаласы мемлекеттік мұрағатының қызметкерлері өздерінің айналасындағы адамдардың жартысынан көбі екпе алғанын айтып отыр. Олар егер болашақта вакциналанған адам саны артатын болса, онда көп ұзамай ешкім қонаққа барудан, спортпен шұғылданудан, демалыс орындарына барудан қорықпай, бәрі әдеттегі өмір салтына оралады деген ойда.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Ресей: бір тәулікте 669 адам көз жұмды

РЕСЕЙ коронавирустан болған өлім-жітім көрсеткіші бойынша рекорд «орнатты». Бір тәулікте 669 адам көз жұмған. Бұл туралы ковидке қарсы күрес жөніндегі жедел штаб өкілдері хабарлаған. Бұдан бөлек, 21 мыңнан астам азамат қауіпті инфекцияға шалдыққан. Жағдайдың ушығуына байланысты елдің бірқатар өңірі шектеу шараларын күшейте бастады. Мәселен, Мәскеуде вакцина алмаған азаматтар енді кафе-барларға кіре алмайды. Осыған байланысты шаһардағы вакциналау орталықтарында қазір ұзын-сонар кезек. Айта кетейік, бұл елде науқас деп танылған тұрғындардың 90%-ында «дельта» анықталып жатыр.

АМЕРИКА сарапшылары ерекше бетперде ойлап тапты. Кішкене датчикі бар әлгі бетпердені таққан адамның коронавирус жұқтырғанын анықтауға болады. Оны зертханалық халаттарға және басқа да киімдерге тігіп қоюға болатын көрінеді. Датчик бетпердені таққаннан кейін шамамен бір жарым сағат өткен соң нәтиже көрсетеді. Осындай типтегі датчиктер бірнеше жыл бұрын дами бастаған. Олар бұған дейін эбола және зика вирустық инфекцияларын анықтау үшін қолданылған.

БАНГЛАДЕШ елінде коронавирус жұқтырғандар санының күрт көбейіп кетуіне байланысты қатаң локдаун енгізілді. Соған сәйкес, елдегі мемлекеттік және жекеменшік кәсіпорындар жабылған. Тұрғындардың себепсіз сыртқа шығуына рұқсат жоқ. Олардың тәртібін бақылауға полицейлер мен шекарашылар тартылған. Қажет болса, бұл іске әскерилер де жұмылдырылмақ. Ал ел астанасы – Даккада еңбек ететін жұмысшылар жаңа шектеу шараларының енгізілуіне байланысты өз өңірлеріне қайтуға асығуда. Сондықтан вокзалдар мен порттарда ұзын-сонар кезек деседі. Кемеге отыра алмаған жолаушылар жолға жаяу шығып кетіп жатқан көрінеді.

ФРАНЦИЯ мемлекетінде коронавирус жұқтырғандар саны 2 мыңға дейін азайған. Халықтың жартысына вакцинаның бірінші екпесі салынған. Сондықтан дәмхана, мейрамхана, кинотеатр, театрларға келушілер санын шектеу күшін жойды.

Алайда, жағдай әлі де мәз емес. Ланд департаментінде «дельта» штамы басым болғандықтан, префектура шектеулерді күшінде қалдырмақ. «Оқу жылы басталысымен ауруды жұқтыру жиілеп кетуі мүмкін. Вакцинаның екі екпесін салу арқылы ауруханаға түсетін науқастар санын 95%-ға азайтуға

болады. Осылайша «төртінші толқын» кезінде денсаулық сақтау жүйесіне ауыртпашылық жасамай, талай жанды ажалдан аман алып қала аламыз», – дейді жергілікті мамандар. Елдегі медицина академиясы билікке екпе салдырмаған азаматтарға ПТР-тестілеуді ақылы етуді ұсынып отыр.

ҮНДІСТАН жеріндегі Тамилнад штатында бірнеше арыстан КВИ-дан өліпті. Ел аумағында 130 хайуанның ковид жұқтырғаны анықталған. Алғаш болып Ченная қаласының шетіндегі хайуанаттар бағындағы Аннули есімді арыстан өлген. Жануардан COVID-19 белгілері байқалмаған. Осыдан кейін ветеринарлар барлық жұртқышты тексеріп, 9-ынан коронавирус анықтаған. Ал бүкіл ел аумағында қауіпті дертті ондаған арыстан, жолбарыс пен піл жұқтырған. Үкімет шұғыл түрде барлық пілді вакциналауды бұйырды. Қазіргі кезде 46 алып жануарға екпе салынды.

1 шілдеден бастап Үндістанда жануарларды ПТР-тестілеу міндеттелді.

ИЗРАИЛЬ шекарадағы қауіпсіздік шараларын күшейтіп, кейбір елдерге баруға тыйым салды. Сондай-ақ, қауіпті мемлекеттердің тізімі жарияланды. Бұл елдерге қатынауға болады. Бірақ билік оларға неғұрлым жол салмаған дұрыс деп отыр.

Елде «Бағдаршам» жүйесі қайта іске қосылды. Оған сәйкес елдімекендер эпидемиология қатысты 4 дәрежеге бөлінген: жасыл, сары, қызғылт және қызыл. Осыдан екі апта бұрын барлығы жасыл еді. Ал енді 4 қызыл, 3 сары және бір қызғылт елдімекен бар. Қызғылт танылған Модиин қаласындағы мектептердің бірінде індет өршіп кетті. Жүзден аса оқушы мен мұғалім оқшауландырылған.

ДДСҰ (дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) коронавирусқа қарсы белгілі бір вакцинаның ғана екі дозасын алуға кеңес береді.

«Біз де екі түрлі вакцина салу кезінде иммундық реакция сақталатыны немесе оның қауіпсіздігі туралы мәліметтер әзірге жоқ. Екі доза салу қажет кезде екеуінде де тек бір вакцинаны қолдануды ұсынамыз», – деп атап өтті ұйымның сарапшысы О’Брайен. Сонымен қатар, ол ұйымның «AstraZeneca» вакцинасының алғашқы дозасынан кейін «Pfizer/BioNTech» вакцинасының екінші дозасын салуды мақұлдайтындығын түсіндірді. Өйткені, мұнда аралас иммундаудың дәлелі бар.

Санжар АСАНҒҰЛ,
ҚазИТУ студенті.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861, 50 теңге, // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге, // 5 айға – 2202, 50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасы Алматы қаласы әкімдігінің Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры бос лауазым орнына орналасуға конкурс жариялайды

Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы тазалық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, 050014, Алматы қаласы, «Көкмайса» шағынауданы, 26 е, телефон 252-62-15, факс 252-61-12.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні автомобиль жолдарын пайдалану қағидаларының талаптарына жауап беретін жұмыстар кешенін орындау болып табылады, соның нәтижесінде жолдар мен жол құрылыстарының көліктік-пайдалану жай-күйі сақталады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты – қаланың көше-жол желісін санитарлық тазалау болып табылады. Кәсіпорын алдына қойылған міндеттерді іске асыру үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) қала көшелерін (жолдарын) көктемгі, жазғы және күзгі кезеңде күтіп ұстау бойынша жұмыстарды бөлу жолағындағы қоқысты жинау, оны тиеу және қоқыс төгілетін жерге шығару, бөлінген белдеулерді шабу және шабылған шөпті жинау, қала көшелерін тазалау және жуу, су өткізгіш жыраларды көктемде қардан, ал жазда қоқысты шығару арқылы жиналған қоқыс пен балшықтан тазалау, тротуар мен жаяу жүргіншілер аймағын қардан, қоқыстан және бөтен заттардан тазалау және жуу;

2) қала көшелері жолдарын қысқы күтіп ұстау бойынша жұмыстарды көктайғаққа қарсы материалдарды дайындау, жолдарды қардан тазалау, жолдарды қарлы борасындардан ашу, жолдардың жүру бөлігін қарлы жамылғыдан тазалау, қарлы дуалдарды жою, қала көшелерінің жүру бөлігін, тротуарларды көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу және оларды жүру бөлігінен қажетті уақыттан кейін тазалау, автобус аялдамаларын қар мен мұздан жүйелі түрде тазалау жұмыстарын орындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары техникалық білім. Басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар: Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; «Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы» Кодексі, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі; Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын; Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік меншік туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының осы кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерін білуі қажет.

Кәсіпорынның өндірістік технологиясын және қызмет көрсетуін, ұйымды басқарудың жаңа әдістерін, стратегиялық жоспарлау, экономикалық индикаторлар жүйесін, шаруашылық және қаржылық келісім-шарттарды жасасу тәртібі мен орындауын, Кәсіпорынның экономикасын және қаржысын басқаруды, еңбек және өндірісті ұйымдастыруды, салалық келісімдерді, ұжымдық келісім-шарттарды әзірлеуді және жасасуды, әлеуметтік-еңбек қатынастарды реттеуді, еңбек қорғау және қауіпсіздік ережелерін, өрт қауіпсіздігі талаптарын білуі қажет.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттардың тізімі:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) белгіленген тәртіппен куәландырылған, білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) белгіленген тәртіппен расталған еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және одан еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

6) денсаулығы туралы белгіленген нысанадағы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері және т.с.) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қабылданатын құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдары бетінде және Алматы қаласы Энерготімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы ресми сайтында www.uzh-almaty.kz, жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасына 050021, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85, 5-қабат, әкімшілік-қаржы бөлімі мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалар тізімі анықталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде конкурсқа қатысушылар әңгімелесуді Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасында өтеді.

Анықтама телефоны: 225-12-13.

Алматы қаласы қалалық мобильділік басқармасы «Алматы қаласының жол жиегіндегі ақылы коммуналдық автотұрақтарын (автомобиль қоятын орындарын) ұйымдастыру, жабдықтау, көгалдандыру және пайдалану бойынша» үздік ұсынысты іріктеу үшін 72 жер учаскесіне конкурс жариялайды.

Конкурстық құжаттаманы алу мерзімі, осы ақпараттың жарияланған күнінің ертесінен бастап жиырма күннен кешіктірмей Алматы қаласы қалалық мобильділік басқармасына (мекенжайы: Республика алаңы, 4. Сұрақтар бойынша тел.: 271-66-05, 8 702 339 04 78) тиісті жазбаша өтінішпен жүгіну қажет.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТИСТИКАНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Жалпы Алматы қаласында әкімшілік құқықтық статистиканың жағдайы қалай?

2021 жылғы 20 маусым айының жағдайы бойынша Алматы қаласының мемлекеттік органдарымен «Әкімшілік құқықбұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған есепке алу» мәліметтерінің деректеріне сәйкес, «Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесінде жалпы сомасы **7 млрд. 617 млн. 323 мың 364** теңгені құрайтын **720 364** әкімшілік құқықбұзушылық тіркелді, оның ішінде **4 млрд. 369 млн. 192 мың 422** теңгесі өндірілді, бұл өндіріп алудың 57,4 %-ын құрайды.

Әкімшілік құқық бұзғанының үшін салынған айыппұл жайлы қайдан білуге болады?

Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің сайтында, Сіз өзіңізге қатысты әкімшілік айыппұлдар туралы ақпарат ала аласыз және де нақты уақыт тәртібінде оны төлеу мүмкіндігіне ие боласыз.

Ол үшін qamqor.gov.kz сілтемесіне кіріп, «Айыппұлдар туралы біл» терезесін таңдап, өзіңіздің жеке мәліметтеріңізді (ЖСН және жеке куәлік құжатының нөмірін) толтырып, әрі қарай «Айыппұлдарды іздеу» батырмасын басу қажет.

Содан кейін сізге қатысты әкімшілік құқықбұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер қорында осындай берешек туралы мәліметтер болған жағдайда олар экранда бейнеленеді, онда «төлеу» батырмасын басып, Сіз Қазақстан Республикасының «Электрондық Үкімет» порталының төлем бөлімшесіне өтіп, көрсетілген айыппұлды өтей аласыз.

Айыппұл Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің жүйесіне енгізілгеннен кейін автоматты түрде қолданушының жеке кабинетіне немесе электрондық почтасына түседі, онда айыппұлды электрондық түрде өтеу мүмкіндігі бар.

Аталған жолмен төленген айыппұл туралы ақпарат Комитеттің орталықтандырылған дерекқорына түседі.

Айта кететін жайт, айыппұл осыған дейін төленіп, бірақ та түбіртек жоғалған жағдайда айыппұлдың төлеу құжатын Комитеттің ақпараттық жүйесінде шығарып алуға болады, ол үшін «Айыппұлдар туралы біл» терезесі арқылы өзіңіздің жеке мәліметтеріңізді, ЖСН және жеке куәлік құжатының нөмірін толтырып, «Төлемдерді тексеру» батырмасын басу қажет.

Қағазға шығарылған хабарлама электрондық-сандық қолмен расталған және ресми құжат дәрежесіне ие. Азамат оны әкімшілік айыппұлды таққан мемлекеттік органға ұсынып, оның төленуі туралы белгі алуына болады.

Айыппұлдарды төлеу рәсімі айтарлықтай жеңілдеген.

«Сергек» бейнекамералары мен мобильді планшет арқылы салынған айыппұлды қалай төлейді?

Тіркелген әкімшілік құқықбұзушылықты көлік иесінің ЖСН арқылы іздеуге болады. Егер көлік сіздің атыңызға тіркелген жағдайда, онда оны авто көліктің мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі арқылы іздеуге мүмкіндік бар.

Екі мемлекеттік ресурс арқылы (qamqor.gov.kz. және egov.kz) онлайн-режимде айыппұлды іздеуге және өтеуге болады.

1) Комитеттің ақпараттық сервисі – qamqor.gov.kz сілтемесіне кіріп, «Өз айыппұлдарын туралы білу» бөліміне өту керек. Одан кейін ЖСН-ді және жеке куәліктің нөмірін енгізіп, келесі парақшада айыппұл туралы ақпаратты көре аласыз. Егер ол төленбеген болса «Төлеу» тетігі арқылы банктік картаның деректерін енгізіп, стандартты схема бойынша төлем жасайсыз.

2) «Электрондық Үкімет» порталы арқылы [Egov.kz](http://egov.kz) сілтемесіне кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөліміне өтесіз. «Әкімшілік айыппұлдарды және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдарды іздеу және төлеу» қызметін таңдап, аталған қызмет түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» бөлікшесін қолданасыз. Егер сіздің атыңызда айыппұл бар болса, оны төлеу мүмкіндіктері қарастырылған ақпарат шығады.

[Egov.kz](http://egov.kz)-тен айыппұлдарды көру үшін міндетті түрде ЭЦҚ-сы болуы қажет. ЭЦҚ-сын авторизациядан өткізу талап етіледі. Осылайша өзіңіз туралы ақпаратты біле аласыз.

Бұдан бөлек, айыппұлды банктер мен онлайн-банкінг ресурстары арқылы төлеуге де болады.

«Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі» жобасын үйлестірудің әсерінен екінші деңгейлі 17 банктердің кассалық терминалдары және қосымшалары арқылы айыппұлдарды өтеуге болады.

ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 811-бабына сәйкес, айыппұлды төлеу кезіндегі 50%-дық жеңілдік құқықбұзушылық тіркелген сәттен 7 жұмыс күні өткенге дейін жарамды.

Егер әкімшілік құқықбұзушылық туралы нұсқаулық фото немесе бейнекамера материалдары бойынша ресімделген болса, онда жеңілдік мерзімі «Қазпошта» АҚ-ның қызметкерлері Сізге табыстаған сәттен бастап немесе СМС-хат байланыс нөміріңізге жолданғаннан бастап төлеуге мүмкіндігіңіз бар.

Айыппұлды екінші деңгейлі банктер мен «Қазпошта» АҚ арқылы төлесеніз, төлем туралы хабарлама «Әкімшілік өндірістердің бірыңғай тізілімі» ақпараттық жүйесіне тікелей түседі, егер техникалық ақаулықтар салдарынан түспей қалған жағдайда Алматы қаласы полиция Департаментінің әкімшілік полиция басқармасына төлем туралы түбіртектің көшірмесін тапсырған жөн.

Сонымен бірге, электрондық үкімет порталы, интернет банктер, терминалдар мен түрлі электрондық әмияндар арқылы да төлей аласыз. Алайда, бюджеттік сыныптама кодын (БСК) дұрыс көрсету керек.

И.С.ЖАНДЫБАЙ,

ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеттің Алматы қаласы бойынша басқармасы бөлімінің аға прокуроры.



Бас директор
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Асқар ҚҰБАЙЖАНОВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕС,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Динара МҰРАТ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрілігінің
Ақпарат комитетінде
тіркелген. Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов
көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



А.ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Құрмет» орденінің иегері, Алматы Экономика және
статистика академиясының профессоры:

ҰЛТТЫҚ САНАҚ ДЕРЕКТЕРІ

мемлекеттік экономикалық, әлеуметтік және демографиялық бағдарламаларды жасау үшін қажет

1999 жылы еліміздің тұңғыш Ұлттық санағына мен Қазақстанның жаңа астанасының Статистика департаментінің бастығы ретінде қатыстым. Ол кезде Германияның микро-біліктілік зерттеулер бас статистикалық басқармасының, Вашингтон қаласының біліктілік бюросының және т.с.с. тренингтерден өттік. Арнайы ұйымдастырылған сауалнамаларды жүргізуге дайындалдық. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі Қазақстан Республикасы Үкіметі деңгейінде барлық қажетті құжаттарды, халық санағына жетекшілік жасау мен өткізуге арналған материалдар пакетін уақытылы дайындады.

• Біздің азаматтар мына мәселені есте ұстауы керек: түрлі сұрақ қоятын санақ жүргізушілерге өздеріңіз жайлы, кірістер туралы жеке деректерді бергендеріңізге алаңдамаңыздар, өйткені бұл мәліметтер құпия саналады, жария етілмейді, ол заңмен бекітілген.

Екінші Ұлттық халық санағына мен соңғы сатыда, яғни алынған мәліметтерді өңдеу кезеңінде, Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің орталық аппаратының әлеуметтік-демографиялық статистика департаментінің директоры ретінде қатыстым.

Халық санағының мәні мен маңызын жақсы түсінетін, мәліметтерді өңдеп, кеткен қателіктерді жөндей алатын адамдарды дер кезінде жұмылдырып, ұйымдастыра білген маңызды. Сол кезде жаңадан тағайындалған Қазақстан

Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы А.Смайыловтың үлкен еңбегін атап өткен жөн. Сондай-ақ, санаққа қатысты көптеген мәселелерді шешу үшін жүзден астам үлкенді-кішілі бағдарламалар жасап, туындаған мәселелердің бәрінің дер кезінде шешілуі үшін тер төккен белгілі демограф әрі

тамаша бағдарламашы Е.Мұсабектің зор еңбегін де атап айтқан жөн.

2021 жылдың 1 маусымында Қазақстан Республикасының Ұлттық халық санағының дайындық кезеңі өтті. Санақшылардың тұрғын үйлер мен тұрғын үйлерге жатпайтын мекенжайларды жанарту және оларда тұратын тұрғындарды нақтылау бойынша елді-мекендерді аралау жұмыстары жүргізілді. Халық санағына дайындық іс-шарасына шамамен 6,5 мың адамдай тартылған.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Әлихан Смаиловтың басшылығымен үшінші Ұлттық халық санағын өткізу үшін арнайы мемлекеттік комиссия құрылды.

Комиссия науқанға дайындық пен оны өткізуді ұйымдастыру және маңызды мәселелерімен айналысады. Қазірдің өзінде бұл комиссияның бірнеше отырыстары өткізілді.

• Жалпы, бұрынғылардан бұл санақ айырмашылығы, мүмкіндігінше цифрландырылады деп болжануда. Яғни 1 қыркүйектен бастап Sanaq.Gov.kz веб-сайты санақ аясындағы сауалнама сұрақтарына қатысты онлайн-режимінде жауап беруге мүмкіндік жасайды. Қазанның соңғы екі аптасында санақшылар еліміздің азаматтарының үйлеріне барып, оларға ыңғайлы қалыпта мәліметтерін планшеттерге жазып алады.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ ХАЛЫҚ ҮШІН ЖҮРГІЗІЛЕДІ!

Өйткені, ол барлық жастағы тұрғындарға қажетті жағдай жасаудың есебін білу үшін керек. Атап айтқанда:

- мектеп жасына дейінгі балаларға арналған балабақшалар салу үшін;
- жастарға арналған жатақханалар, мектептер, университеттер, стадиондар және т.б. салу үшін;
- еңбекке жарамды жастағы тұрғындар үшін, кәсіпкерлік нысандарын кеңейту және дамыту үшін;
- аға ұрпақ үшін, клиникалар, ауруханалар, санаторийлер желілерін кеңейту үшін және т.б.

Яғни халық санағы халық үшін жүргізіледі!

СЕНБІЛІК САУАЛНАМА

Домбыра сыйлағанға қалай қарайсыз?



Әділбек АТЫҒАЙ,
күйші, композитор:

Сыйлықтың төресі сол!

Мен домбырамен 6 жасымда таныстым. Содан бері домбыра менің сырласым да, мұңдасым да. Меніңше, домбыра деген сыйлықтың төресі. Домбыра сыйлау деген қазақ үшін ат мінгізгенмен бірдей, тіпті одан да артық.

Менің әкем Атығай Байжомартов деген кісі ертеректегі Байжігіт күйшінің күйлерін жеткізуші болған. Әкем өзі ұста-зергер еді.

Өзі оны мамандық деп санамаса да, қолынан түрлі бұйымдар шығатын. Домбырада, сыбызғыда ойнайтын. Маған арнап 6 жасымда домбыра жасап, сыйлады. Домбырада ойнауды үйретті. Сондықтан әкемді алғашқы ұстазым деймін. Алғаш домбыра сыйлаған адам да – әкем. Одан кейін 6-7-сынып оқып жүрген кезімде Қайырбек ағам қаладан атақты шебер Романенко жасаған домбыраны әкеліп, маған сыйлады. Бұл – мен алған екінші домбыра еді. Сол домбырамен консерваторияға түстім. Кейін де мемлекеттік емтихандар тапсырдым. Оның ағашы, үні – бәрі ерекше болатын. Шәкіртеріме де домбырамды беріп жүрдім. Онымен шет елдерге де шығып, өнер көрсеттім. Кейініректе өзім де талай домбыра сыйладым.

Әр қазақтың төрінде домбыра тұруы тиіс. Үйінде болу керек емес, төрінде тұруы тиіс. Өйткені, киелі қос ішектің орны – төр.



Ырайыс НӘЛДІБЕК,
қала тұрғыны:

Шын досым – домбыра

Домбыра – шын дос. Ол адамның ішкі тілегін, қалауын, уайым-қайғысын, тіпті арманын да жеткізеді. Мен өзім оңаша қалған кезде домбыра тартамын. Бір нәрсені уайымдап іштен тынған кезде домбырамен сырлассам

жеңілдеп, жақсы боп қаламын. Біреумен сөйлесіп, ішімдегіні айтсам да, олай жеңілдемейтін шығармын. Қыздарымды ұзатуға дайындалғандағы толқынысты да, жұбайымның денсаулығы сыр берген тұстағы уайымды да сол домбыра арқылы жеңдім.

Маған туған күнімде бірнеше рет домбыра сыйлады. Бірақ оның бәрін бірдей қолға алмадым. Мен үшін домбыра үнінің сапасы маңызды. Ал ол оны жасау технологиясы мен ағашқа байланысты болады. Сондықтан сыйланған домбыраның ішінен үні жағымдысын таңдап аламын. Мен үшін жақсы домбыра сыйлықтың үлкені. Балаларымның үйінде де домбыра болғанын қалаймын. Қыдырып барған кезде әндетесің, әрі оған балалардың көзі, қолы үйрене береді. Күнде көріп жүргесін құндылығын түсінеді.

Газетіміздің келесі саны 8 шілде, бейсенбі күні шығады.



Өмірқұл АЙНИЯЗОВ,
дәстүрлі әнші:

Жинаған 3 домбырам бар

Менің бүгінде бала күннен келе жатқан 3 домбырам бар. Консерваторияға түскен кезімде де өзімнің

жеке домбырам болмай, жанымдағы жігіттердің домбырасымен түстім. Ата-анамның да ондай мүмкіндігі болмаған болу керек, оқуға домбырасыз келдім. Ол кезде тапсырыс беріп жасататын да жағдай болмады. Сөйтіп, мен қазіргі «Көк базар» маңынан шабылған домбыра сатып алдым. Ол уақытта қымбат домбыралардың бағасы 200 доллар тұратын. Ал мен 3000 теңгеге са-

тып алып, сонымен консерваторияны бітірдім. Онымен жас келіндердің бетін де аштым. 2011 жылы алғаш рет концерт бердім. Сол кезде «қолымыз аузымызға жетті ғой, алдымен, домбырамды дұрыстайын» деп, домбыраға тапсырыс бердім. Домбыра жасаудың шебері Жолаушы деген ағамызды өзім іздеп бардым. «Маған домбыра жасап берсеңіз» деп едім, ол кісі маған дайын домбыраларын ұсынып, ішінен жақсысын, дұрысын өзі таңдап берді. Сөйтіп, Жолаушы ағамыздың жасаған домбырасымен ең алғашқы шығармашылық кешімді өткіздім. 2015 жылы Республика сарайында концерт беретін болып дайындалдым. Атырау қаласына ұшып бара жатып Елжас деген балақаймен таныстым. Ол «Үкілі домбыра» байқауына қатысуға бара жатқанын айтты. Мен де сонда бара жатқанмын. Ертесіне байқауда сол Елжас жеңіске жетті. «Кеше екеуміз бірге келіп едік, түнімен ұйықтамадым, домбыра жасадым» деп едің, еңбегің қайтыпты» деп, маған бір домбыра жасап бер дедім. Содан ол кешіме домбыраны жасап, ала келді. Ол да сол Жолаушы ағамыздың шәкірті. Міне, бүгінде менде жинаған 3 домбырам бар.

Дидар ИСАХАН,
«Алатау» дәстүрлі этно-фольклорлық ансамблінің домбырашысы:

Алғашқы домбыраны анам сыйлады

Ең алғашқы домбыраны анамнан алдым. Мені домбыра тартуға да баулыған анам. Әлі есімде, сол кезде домбыраны анашым 3500 теңгеге сатып әкелген еді. Ол кезде 3500 теңге деген көп ақша болатын. Қызығып тұрғасын оны қолымның жетпегеніне қарамастан ойнауға тырыстым. Елестетіп көріңізші,



Исахан Дидар Абылхайырұлы
фольклорлық ансамблінің әншісі

домбырам өзімнен үлкен болған ғой. Сол кездегі бала Дидардың қуанғанын көрсеңіздер. Оны 5 жыл бірге алып жүрдім. Мені сахнаға алғаш алып шыққан да сол домбыра еді. Бірақ бүгінде бала күнгі домбырамның карьерасы бітті. Қарашаңырақтың төрінде ілініп тұр. Барған кезде қолыма алып, шертіп қоямын. Оны алмастырмас та едім, тек кәсіби тұрғыда жасалған аспапта ойнау керек болып, 2010 жылы жаңасын алуға тура келді. Қазіргі домбырам аяғөздік шебердің қолынан шыққан. Десе де, мен үшін анамның сыйлаған домбырасы ыстық әрі құнды.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.